ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 ЖЕЛТОҚСАН СӘРСЕНБІ | 2015 жыл №191 (19079) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

МЕРЕЙ ӨСІРГЕН МАРАПАТ

Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай мемлекеттік наградаларды тапсыру рәсімі өтті.

Салтанатты шарада Қазақстан Президенті баршаны Тәуелсіздік күнімен құттықтады және марапатталушы азаматтар үшін бұл рәсімнің маңыздылығын айтты.

– Тарихи өлшем тұрғысынан қысқа уақытта біз үлкен жолдан өттік, мемлекеттілікті нығайтып, экономиканы дамыттық, қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиеледік. Біз индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асырып жатырмыз. Биыл үшінші ғарышкеріміз ғарышта болып келді. Қазақстан ДСҰ-ның мүшесіне айналды. Әлемдік экономикадағы қиындықтарға қарамастан, біз көп іс тындырдық. Бұл табыста бүкіл қазақстандықтардың жұмсаған күш-жігері бар. Наградалар мен атақтар – отандастарымыздың қажырлы еңбегі мен қызметін халықтың жоғары деңгейде бағалауының белгісі, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік наградалармен атап өтілген азаматтардың жетістіктеріне тоқталды.

Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы ұзақ жылдар бойы өндіруші салада жұмыс істеген, өз кәсібінің үздік маманы ретінде зор құрметке ие болған Р.Әміреновке берілді.

Дәл осындай жоғары атаққа М. Искандиров та лайық деп танылды, оның бүкіл еңбек жолы фосфор өнеркәсібімен байланысты. Ол бұл салаға 30 жылдан астам өмірін арнаған.

Осы атақ аграрлық салада 40 жылдан аса жұмыс істеген және ұжымына жақсы қамқорлық жасайтын ілгерішіл шаруашылықты басқаратын Б.Князевке берілді.

«Отан» орденімен танымал әнші әрі композитор Е.Хасанғалиев атап өтілді, оның әндері халықтың рухын көтеріп, өскелең ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеп келеді.

«Парасат» орденімен Ш.Катсу марапатталды. Ол бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу ісіне сарапшы ретінде елеулі үлес қосты, ал Назарбаев Университеті оның басшылығымен халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орнына айналды.

II дәрежелі «Достық» орденіне этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту ісіне зор үлес қосқан этномәдени бірлестікті басқаратын Л.Кан лайық деп танылды.

Биыл бірінші рет «Еңбек Даңқы» ордені тапсырылып отыр. Оның үш дәрежесін иеленген лауреаттарға «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі. Бұл марапатқа алғаш ие болғандар қатарында Атырау қаласынан «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ операторы Е.Жұмағалиев, Қарағанды облысының Теміртау қаласынан «АрселорМиттал Теміртау» АҚ темір кесушісі М.Ибраев және Алматы облысынан «Алматы» асыл тұқымды зауыты» АӨК аға шопаны К.Сейтенбекова бар.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы С.Ақшолақовқа берілді. Оның еңбегі ғылымға, сондай-ақ еліміздегі нейрохирургия технологияларын ілгерілетуге қосылған үлес болып саналады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде Алматы қаласының ішкі істер департаментінің аға инспекторы Е.Абдрахимовтың ерлігі «Айбын» орденімен атап өтілді.

Мемлекет басшысы бүгін мемлекеттік наградалармен мәдениет, ғылым, білім, денсаулық сақтау саласының қайраткерлері, өндіріс пен бизнес саласының өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар, соғыс және еңбек ардагерлері, мемлекеттік қызметшілер марапатталып жатқанын айтты.

– Бүкіл ел бойынша марапатталушыларға менің атымнан ордендер мен медальдар тапсырылуда. Сіздердің әрқайсыңыздың Отанымыздың игілігі жолындағы жұмыста үлестеріңіз бен тәжірибелеріңіз бар. Әрқайсыңызды Қазақстанның мақтанышы деп айтуға әбден болады. Осының бәріне еңбекпен жеттіңіздер. Біз еңбек адамына құрмет көрсетуге тиіспіз, сондықтан «Еңбек Даңқы» орденін алған адамдардың қызметін айрықша атап өткім келеді. Бұл – экономикалық қуатты еселеп жатқан еңбекшілер үшін үлгі болсын, соның негізінде барлық өзге салалар дамып жатыр, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев барлық марапатталушыларды алдағы мерекелермен құттықтап, мықты денсаулық пен табыс тіледі.

***

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация» АҚ «Восточный» разрезінің механигі, Павлодар облысының Екібастұз қаласынан – Р.Әміреновке, «Қазфосфат» ЖШС бас директоры, Тараз қаласынан – М.Искандировке, «Алтынсарино» ЖШС директоры, Қостанай облысының Қамысты ауданынан Б.Князевке берілді.

«Отан» орденімен «Камышинское-2» ЖШС директоры, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданынан – В.Акулов, жазушы, Астана қаласынан – Ә.Әшімов (Әкім Тарази), сазгер, Алматы қаласынан Е.Хасанғалиев марапатталды.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденіне Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, Президент Әкімшілігінің Басшысы Н.Нығматулин лайық деп танылды.

II дәрежелі «Барыс» орденімен Парламент Мәжілісінің төрағасы Қ.Жақыповтың, «Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» РМК ректоры Е.Сыздықовтың еңбегі атап өтілді.

III дәрежелі «Барыс» орденімен Петропавл қаласындағы «Орта Азия электр-энергетика корпорациясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.Клебанов, Астана қаласындағы «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы» кәсіподақтар республикалық бірлестігінің төрағасы Ә.Құсайынов марапатталды.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденіне Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, Президент Әкімшілігінің Басшысы Н.Нығматулин лайық деп танылды.

II дәрежелі «Барыс» орденімен Парламент Мәжілісінің төрағасы Қ.Жақыповтың, «Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» РМК ректоры Е.Сыздықовтың еңбегі атап өтілді.

III дәрежелі «Барыс» орденімен Петропавл қаласындағы «Орта Азия электр-энергетика корпорациясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.Клебанов, Астана қаласындағы «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы» кәсіподақтар республикалық бірлестігінің төрағасы Ә.Құсайынов марапатталды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктен асқан қасиетті ұғым жоқ. Осыдан 24 жыл бұрын тарихи таңдау жасап, мемлекеттік егемендігін жариялаған Қазақстан Республикасы бүгінде беделі биік, құқықтық, дербес демократиялық ел ретінде әлемге танымал. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың осынау табысы, еліміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі.

Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – еркіндік алу, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың амандығын сақтау еді. Ал біздің міндетіміз осы азаттықты аялап, тәуелсіздікті тұғырлы, мемлекетімізді мәңгілік ету.

Құрметті қызылордалықтар!

Баршаңызды осынау қастерлі мерекемен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, халқымызға береке-бірлік, әрбір шаңыраққа шаттық тілеймін!

Құрметпен,
Қызылорда
облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

230 ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Еліміздің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласында жаңадан салынатын 280 орындық балабақша іргесін қалау рәсіміне қатысып, алғашқы кесегін қалады.

Облыс орталығындағы «Арай-2» тұрғын ауданынан бой көтеретін балабақша учаскесінің жалпы ауданы бір гектарды құрайды. Жобаның құны 645,9 млн теңге. Мердігер мекеме – «Техостнастка-Ремсервис» ЖШС. Құрылыс он екі айда аяқталады деп жоспарланған.

Аймақ басшысы қаладағы 230 пәтерді құрайтын 4 тұрғын үйді пайдалануға беру рәсіміне де қатысты.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ арқылы салынған көпқабатты тұрғын үйлерді ел игілігіне беруге арналған салтанатты шарада облыс әкімі Қырымбек Көшербаев баспаналы болған отбасыларына құтты болсын айтып, айтулы мерекеге орай ізгі тілегін білдірді.

– Бүгін қызылордалықтар үшін, сіздер үшін ең қуанышты сәт деп ойлаймын. Өйткені, мандайымызға жазылған ең ұлық мерекеміз – Тәуелсіздік күні қарсаңында жаңа пәтер алып, баспаналы болып отырсыздар. Бұдан үлкен қуаныш жоқ деп ойлаймын. Сондықтан қуаныштарыңыз құтты болсын! Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Өздеріңіз білесіздер, әр аймақтың дамуы құрылыс қарқынымен өлшенеді. Биыл Сыр елінде құрылыстың көлемі өткен жылмен салыстырғанда үш жарым есе өсті, ал Қызылорда қаласының өзінде сегіз есеге артты. Биыл 2562 пәтердің кілтін тапсырамыз. Мұның барлығы Елбасымыздың сарабдал саясатының, Тәуелсіздігіміздің арқасында болып жатқан игі істер. Қазір өтпелі кезең деп жатырмыз. Сыр елі мұндай өтпелі кезеңде сыр бермейді, Елбасына және Тәуелсіз елімізге тірек болады. Ардақты ағайын, мұның барлығы тәуелсіздігіміздің арқасы, ендеше ұлық мереке тағы да құтты болсын, қуаныштарыңыз ұзағынан болсын, – деп облыс әкімі жылы лебізін жеткізді.

Салтанатты шарада жаңа пәтерге ие болған Руслан Малдыбаев барлық қоныстойын тойлаушылар атынан жиылғандарды мерекемен құттықтап, қазақстандықтарға осындай мүмкіндік жасап жатқан Елбасына, ел ағаларына алғысын білдірсе, еңбек ардагері Жеткерген Оразбаев ақ батасын арнады.

Айта кету керек, салтанатты шараға академик, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Уәлихан Бишімбаев қатысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● САЛТАНАТ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ

Кеше Н.Бекежанов атындағы драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шара өтіп, онда еңбегімен көзге түскен бір топ қызылордалықтар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Аймақ басшысы жиналған көпшілікті Ұлы дала елінің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

– Тәуелсіздік күні – барша қазақстандықтар үшін еліміздің мерейлі мерекесі. Азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – Тәуелсіздігімізге 24 жыл толып отыр. Бұл күні біз еркіндікті армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан бересі алмағайып заманда азаттық үшін күрескен аталарымыздың аманаттары алдында, елдің бостандығы жолында құрбан болған есіл ерлеріміздің мәңгі өшпес рухы алдында басымызды иіп, тағзым етеміз. 1991 жылдың 16 желтоқсанында азаттық аңсаған аталарымыздың арманы орындалды, жұлдызымыз оңынан туып, Жаратқан тілеуімізді берді. Қазақстан айдай әлемге мемлекеттік тәуелсіздік туралы жар салды. Халқымыз талас пен тартысқа бармай-ақ жөн сілтеп, жол көрсетер үлкен көшке басшы болар азаматын адаспай таңдады. Ортамыз толды, төбедегі келді. Елбасы бастап, елі қоштап жүргізген саясаттың арқасында жаңа мемлекет, болмысы бөлек қоғам қалыптасты, жалтақтықты жатсынатын жас ұрпақ жетілді. Бұл – елдің бірлігі, ұлт пен ұлыстың татулығы, отандастарымыздың жанқиярлық еңбегінің жемісі. Осы мемлекеттің қыран қанат көк Туын көтерісу – әрбір қазақстандыққа тағдыр сыйлаған ұлы бақыт. Ал «Бақыт – бағалай білгеннің басында тұрады» деп ағынан жарылып, отаншылдыққа шақырған Елбасының сөзін ұмытпайық, ағайын!

Мереке қарсаңында әрбір қызылордалықтың қызметінде толағай табыска, отбасында қуаныштан қуанышқа жетуін тілейміз. Тәуелсіз Қазақстанның бірлігі берік, ырысы мол болғай! Ұлы мереке құтты болсын! – деген облыс әкімі Сыр елі үшін жасалған және атқарылған игілікті істерді атап өтті.

Бұдан соң облыс әкімі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан еңбегімен еленген сырбойылықтарға наградалар табыс етті *(марапат иелерінің толық тізімі газетіміздің 3-бетінде жарияланып отыр)*.

Ал ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Уәлихан Бишімбаевқа «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» белгісі табыстады.

Салтанатты шараның соңы концертке ұласты.

Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Міне, тәуелсіздігіміздің ширек ғасырына аяқ бастық. Қазақ мұндайда тәубә дейді. Бәріміз үшін Тәуелсіздіктің мәні де, мағынасы да, мазмұны да ерекше. Ұлы Дала елінің тарихында «мың өліп, мың тірілген», сан рет сүрініп, сан рет қайта тұрған, бір замандарда жарты әлемді билеген, бодандықтың да дәмін татқан ата-бабаларымыз аңсаған азаттық біздің ұрпақтың маңдайына бұйырды.

Көшпенді тұрмыс кешкен қазақ құлаққесті құлдықты, діни фанатизмді, билікке бас ұрушылықты мойындаған емес. Ешқашан біреудің жеріне көз тігіп жаугершілік жасаған жоқ. Басқамен бітімшіл, бейбіт, өзара тең келісім саясатын жүргізді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп келген теңдікшіл, бостандықшыл халықтың жігерін үш ғасыр созылған Ресей патшалығы саясаты да, 70 жыл билік жүргізген тоталитарлық режим де төмендете алмады. Рас, осы кезеңде тарихымыз бұрмаланып, ата-баба мұралары тапталып, салт-дәстүріміз қиянатқа ұшырады. Кеңес кезінде сан ғасырлық мәдениетіміз, шаруашылығымыз қиратылып, ашаршылық зобалаңымен миллиондаған отбасының шаңырағы ортасына түсті. Бостандық сүйгіш халқымыз қолына түскен қарумен азуын айға білеген коммунистік режимге қарсы 372 рет бас көтерді.

Әрқайсысы бір елге көсем болатындай Алаш қайраткерлері зорлықшыл билікке бас июден бас тартқаны үшін оққа байланды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында Алаш Орда қайраткерлерінің еңбегін: «ХХ ғасырдың басындағы ұлттың зиялылары қазақтың ұлттық идеясын құрастыру міндетін өз мойнына алып, ұлттық бірігу идеясын ұсынды... Өз кезінде Алаш партиясының жетекшілері ұсынған көптеген ережелер, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жойған жоқ. Ол қазақ қоғамының біртіндеп трансформациялануын және қазіргі заман ағымына бейімделуін мақсат еткен отандық ұйым болған» деп сипаттаған.

Шын мәнінде, қазақ интеллигенциясының көшбасшылары сталиндік идеология түсіндіргендей, өз халқына қарсы қастандық ойлаған емес, керісінше, қарапайым халықтың жағдайын жеңілдетуге тырысты. 1929 жылы қаңтарда Бутырка түрмесінен жазған «Ұрпаққа хат» атты хатында Міржақып Дулатов былай дейді: «Мен құлға айналған, қаналған халқыма бұл құлдық жағдайдан құтылуға көмектесуді өз борышым деп білдім… Қазіргі кезде саясат саласында кеңестік билікке қарсы күрес ретінде көрсетіліп жүрген оқиғаларды алдын ала болжап білдім деп айта алмаспын, менің бар қалауым – қазақ ұлтының дербес, тәуелсіз, бақытты болғаны».

Ұлттық рух кешегі екінші дүниежүзілік соғыста ел басына күн туғанда қайта көкке көтерілді. «Жаным – арымның садағасы» деген қазақ өз ұлтының көк бөрідей қайсарлығын, рухы батыр ел екендігін әлемге паш етті. Генералдарға соғыс тәсілдерін оқытқан, аты аңыз бен ақиқатқа айналған Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағын Нұрсұлтан Әбішұлы өзі араласып алып бергенін қалай ұмытамыз?..

Азаттық жолына рухымызды қайта көтерген өршілдіктің белгісі 1986 жылдың желтоқсан күндерінің Қазақстан үшін орны ерекше.

Желтоқсан бодандықтың өзегіне балта шапты. КСРО құрамындағы елдердің тәуелсіздік идеяларына жан бітірді. Елбасының Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған салтанатты жиында «еркіндік аңсаған қазақ халқының өршіл мінезі, намысты жанған жастар бұлқынысы Желтоқсанда жанартаудай жарқ етіп, жаңа тарихымызға елеулі із қалдырды» деген пікірі рухымызға рух қосты. Қазір, тәуелсіздік жағдайында, өткен ғасырлардағы қазақ ұлтының теңдікке ұмтылған буырқанған күшімен бүгінгі болмысымыздың арасындағы сабақтастықтың өзара байланысын көріп отырмыз.

Тәуелсіздік декларациясынан бір жыл бұрын қабылданған егемендік декларациясының тарихи орнын жоғалтпауымыз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулысымен жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу құқығы негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Халықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеу қағидаты – халықаралық әріптестік және адам, халық пен ұлттардың құқығын қорғау саласындағы халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі. Осы қағидаттар арқылы барлық халықтар мен ұлттар өзін-өзі билеуге құқылы. Ішкі саяси ұйымдасуын сырттан ешкімнің араласуынсыз белгілеуге, өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыруға, болашақта өзінің ұлттық, діни-мәдени, басқа да ерекшеліктері мен дәстүрлеріне барынша сәйкес келетін жолды таңдап алуға мүмкіндігі бар. Бұл құжатта Қазақстан Одақтан шығу құқығын өзінде сақтап қалды. Яғни ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қабылдау құқығына қол жеткізді, біздің заң аясында еркін өмір сүріп, еңбектенуімізге жол ашты.

Бұрынғы кеңестік мемлекеттер сол кездері жағдайды жақсарту жолын анықтай алмай, дағдарғанда, Елбасы нарықтық қатынастардың негізін қалады. Жекешелендіру саясатын бастап, алдымен экономиканы дамытуды қолға алды. Атом қаруын иеленетін төрт елдің бірі бола тұра, қарудан бас тартып, Семей полигонын жауып, әлемнің назарын Қазақстанға бұрды. Осы тарихи шешімдер біздің ұлттық мақтанышымызға айналды. Кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы біздің ел Президентінің ұсынысын қабылдап, 29 тамызды Халықаралық ядролық қару-жарақпен қарсы күрес күні деп жариялады. Ұлтаралық татулықты, діни келісімді басты межеге айналдырды.

1991 жылы 1 желтоқсанда жалпыхалықтық сайлау өтіп, Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып 98,7 пайыз дауыс жинаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланып, ел тыныштығына, экономикалық қатынастарға кепілдік қабырғасы қаланды.

Сол жылдың 10 желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң қабылдады. Осы заңға сәйкес еліміз Қазақстан Республикасы деп аталды.

Ал 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң жарияланды. Әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекет пайда болды. Бірақ мемлекет деген атау қағаз жүзінде ғана болатын. Орталықтандырылған экономика күйреп, жұрт арасында ертеңге деген сенімсіздік үрейі қалыптаса бастады. Дегенмен, болашаққа зор сеніммен қарайтын, әр қиындықтан ел пайдасын көре білетін Тұңғыш Президентіміз сағаттап, минуттап ел еңсесін дамыту көшін алға жылжытты. Елбасының «енді біздің ел атқа қонды: дүйім дүниенің қандай дүбірлі додасына тайсалмай түсіп, кім-кіммен де жалтақсыз жарысатын болады» деген сөзіне сәйкес қазақ даласында жаңа тарих басталды. Әлемдік саясатта «Қазақстандық жол» түсінігі пайда болды. Сол жол Қазақстанды дүниежүзілік мәселелерді талқылап, шешім қабылдайтын орталыққа айналдырды. Қазақстан әлемдік конфессияаралық үнқатысулардың бастамашысы және ұйымдастырушысы ретінде танылды.

Ұлттық намыстың нышаны Астана халықаралық ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің жаңа түсінігі «Астана рухы» ұғымын әлемдік саяси терминге айналдырды. Этносаралық келісім, төзімділікті қамтамасыз етудің өзіндік үлгісін іске асырудың нәтижесінде және қазақтың ұлтжандылығының арқасында елдің ішкі саяси тұрақтылығымен қалыпты әлеуметтік-экономикалық өсуіне қол жетіп, ұдайы даму үстіндегі мемлекет ретінде қалыптасты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде Сыр өңірінің тағдыры талқыға түсіп, ыдырауға шақ қалған еді. Елі сенген Елбасы тағы ерлік таныытты. Әуелі аңқасы кепкен Арал проблемасын шешудің қадамдарын жасады. Бұрын аграрлы аймақ саналып келген облысты өндірісті өңірге айналдырды. Осының арқасында Қызылорда облысы бүгінде дамуы тұрақты, халқы қуатты өңірге айналды. Мысалы, соңғы үш жылда әр екі жарым күнде бір жағымды жаңалық болып тұрады. Ол жаңа пәтерлер, жаңадан салынған немесе жаңарған білім, денсаулық, мәдениет ошақтары, жолдар, таза су мекемелері, газдандыру саласының құрылысы, ауыл шаруашылық құрылымдары, жаңа жұмыс орындарына айналған индустриалдық мекемелер. Бұлардың сыртында ұлттық рухты көтерер саяси, мәдени, қоғамдық маңызы бар қаншама іс-шаралар ұйымдастырылды. Жастарымыз басқа мемлекеттердің қаржысына сол елдердің дамыған білім орындарынан мамандық игеру құқығына қол жеткізді. Бұл ерен еңбекті қажет ететін жұмыстар Елбасының сарабдал саясатымен елдің билікке сенімі және жергілікті атқарушы биліктің ұйымдастырумен іске асуда.

Шығыс даналығының «Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер» деген түсінігін, Жүсіп Баласағұнның «өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла. Өз пайдаң соның ішінде» деген сөзін естен шығармай, ел тәуелсіздігін одан әрі дамыту біздің міндетіміз.

Ал Ұлт көшбасшысы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мемлекеттік тәуелсіздік – тарихтың немесе тек қазіргі ұрпақтың ғана меншігі емес. Ол – өткеннің алдындағы борыш және келешектің алдындағы жауапкершілік» деген тұжырымы бәрімізді Қазақстанның дамуына аянбай еңбек етуге бастайды.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

ДАМУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Студенттер сарайында 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіз мемлекет құрудың қазақстандық моделі: жетістіктері мен даму стратегиясы» атты тақырыпта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Оған жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары, ғалымдар мен студенттер қатысты.

Конференцияның негізгі мақсаты Президент Н.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын және Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктерін насихаттау, отандық экономика, саяси-құқықтық жүйенің қалыптасуы мен дамуын зерттеу бағытында жүргізілген ғылыми жұмыстарды талқылау және жастардың бойына отансүйгіштік тәрбиені сіңіру болып табылды.

Шараны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов жүргізді. Алғашқы сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Жазира Жылқышиева өткізіліп отырған конференцияның маңыздылығына кеңінен тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында «Тұран» білім беру корпорациясының вице-президенті Орақ Әлиев «Қазақстан экономикасының орнықты дамуының жаңа тұжырымдамалық моделі» тақырыбында хабарлама жасады. Жиында "Сыр медиа" ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Нұрхан Жәлиев, педагогика ғылымдарының докторы Шарбан Майгелдиева, заң ғылымдарының кандидаты Мәдина Жүсіпбекова, саяси ғылымдар кандидаты Ербол Әбенов және «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Әзілхан Тәжекеев тақырып аясында баяндамалар жасады. Сондай-ақ, конференцияға қатысушылар тәуелсіз еліміздің жеткен жетістіктерін атап өтіп, ой-пікірлері мен ұсынымдарын да ортаға салды.

Шарада Тәуелсіздік мерекесіне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Сара АДАЙБАЕВА.

● МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ

ТІЗГІНІ БЕРІК ТӨРАҒА

Елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға сүбелі үлес қосып келе жатқан «Мәді қажы» ЖШС – облыстағы егін шаруашылығымен айналысатын ірі құрылымдардың бірі. Білікті басшы Аббас Камалатдин басқаратын ұжым жыл сайын Сыр маржанын жинауда биік межені бағындырып, озаттар қатарынан көрініп жүр. Шаруашылық қызметкерлерінің қырманды алтын дәнге толтырып, берекелі де мерекелі шақты биылғы жылы да сәтті аяқтағаны серіктестіктің ғана емес аймақтың да мерейлі жеңісі.

Қазіргі Сырдария ауданына қарасты «Шіркейлі" ауылының аты бұрын «Қызылту" колхозы аталып еді. Осынау шағын ауылдан үш жүзге мәшһүр Тапал ахун атты қари шықты. Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай, ақын Әбдірәштің балалық дәуірі осы жерден басталды. Заманының дүлділі атанған Күдері ақынның да кіндік қаны осы өңірде тамған. Ауыл шаруашылығының академигі атанған Жаңабай Азаматов, дән дариясын тасытқан дикандар Қыдырқожа, Балдырған, Бексұлу, Орынқұлдердің еңбегі жанған құнарлы топырақ. Ал қазір осынау дикандар дәстүрін Аббас Камалатдин жалғастырып жатыр.

А.Камалатдин 1949 жылы Сырдария (Тереңөзек) ауданы «Шіркейлі» ауылында туған. Қызылорда қаласындағы Ю.А.Гагарин атындағы №1 мектеп-интернатты бітірген соң Алматы қаласындағы «Еңбек Қызыл Ту» орденді Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын ойдағыдай аяқтап шығады. Жоғары білімді ғалым-агроном еңбек жолын «Шіркейлі» кеңшарында бөлімше агрономдығынан бастап, қызметтік жолы бригадир, партком, "Шіркейлі" және "Шаған" кеңшарларының директорлығына дейін жалғасады. Туған елінде толымды тірлігімен көзге түскен соң халық депутаттары Қармақшы аудандық советі атқару комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Тәуелсіздік жылдарында Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі облыстық комитет төрағасы, облыс әкімінің орынбасары қызметтерінде тер төгеді. Жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитетінің төрағасы қызметін атқарып, бертінде «Шіркейлі» ЖШС директоры болады. Бүгінде туған ауылында «Мәді қажы» серіктестігінің төрағасы. Еңбегі еленген арда азамат КПСС XXVII съезінің делегаты, Байқоңыр гарыш айлағының «Құрметті құрылысшысы», Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің екі дүркін жеңімпазы, «Сырдария ауданының Құрметті азаматы», «Құрмет» орденінің және ҚР Президентінің «Құрмет Грамотасы» иегері. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалімен және «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ауыл шаруашылығы саласын өркендетіп, ел экономикасының дамуына қосқан ерен еңбегін Елбасы да ескеріп, облысқа сапары аясында «Мәді қажы» шаруашылығының астықты алқабына ат басын тіреген болатын. Тізгіні берік төраға нарық заманына сай біліктілік пен білімділікті оңтайлы ұштастыра білді. Жер-Анадан ризықнесібесін теріп, ауыл халқын жұмыспен қамтып отырған А.Камалатдин Сырдария аудандық мәслихатының депутаты. Халық қалаулысының туған ауылын көркейтуге күш салып жүрген еңбегі өлшеусіз. Елді мекеннің аяқ су мәселесін толықтай шешіп, көркейту-көгалдандыруға да арнайы техника бөлгені баршаға мәлім. Сондай-ақ, ауылда 600 орындық жаңа білім ошағын салуға ұйытқы болды. Халық қалаулысы ауылдағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына, мүгедек, сырқат жандарға және мұқтаж адамдарға жәрдем ретінде жыл сайын 7 млн теңге көлемінде ақшалай және ауылшаруашылық өнімдерімен көмек көрсетіп отыр. Еліміздің әлеуметтік ахуалын арттыруда тың ізденіс, жаңа серпіліспен жұмыс жасап келе жатқан серіктестік төрағасы дағдарыс кезеңінде әлеуметтің әлеуетін көтеріп, қолдау көрсетіп келе жатқанына ауыл тұрғындары да риза. Болашақта ауыл irгесінен 50 гектар жерге ағаш егіп, экологиялық бау негізінде демалыс орнына айналдыруды да көздеп отыр.

– Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын дамыту үшін зор қолдаулар жасалуда. Сонын ішінде әр гектарға берілетін субсидия дикандар үшін қуанышты жаңалық. Бұл – ең алдымен төккен терлерінде есеп жоқ дикан еңбегінің жемісі. Ауыл шаруашылығы саласы дамудың жоғары сатысына көтерілді. Биылғы жылы дикандар аудан бойынша әр гектардан 55 центнерден өнім алды. Нәтижесінде, аудан тарихында бірінші рет қамбаға барлығы 1 млн 88 мың центнер алтын дән құйылды. Жыл қорытындысымен Сырдария ауданы облыста «Ерін шаруашылығы бойынша озат аудан» атанды. Қуанышымызда шек жоқ. Алдағы уақытта да біз қырманды қызылға толтырып, аудан абыройын асқақтатуға аянбай жұмыс жасай береміз, – дейді ел ағғысын арқалаған азамат.

Серіктестіктің жүйелі жұмысы өңірдегі мал және ауыл шаруашылығындағы іргелі істерімен біте қайнасып жатыр. Облысымыздың толымды табыстарға қол жеткізуіне үлесін қосып келе жатқан «Мәді қажы» серіктестігі табысы осымен шектеліп қалмақ емес.

Ауыл мәдениетін көтеру, күріш шаруашылығының өрісін кеңейту, мал шаруашылығын өркендетудің мәселелерін, суармалы егіншілістің сан алуан қырын жетік білетін Аббас Камалатдинұлы агроөнеркәсіп кешенін дамытуды дәстүрлі салаға теңеп, жыл сайын азық-түлікке сұраныс арта беретінін айтады. «Сондықтан, фермерлер мен ауылшаруашылық мамандары өндіріске жаңа технологиялар енгізіп, сапа мәселесінде әлемдік сапа стандарттарына қол жеткізуімізді мақсат етуі жөн» – дейді.

Ауыл шаруашылығында бизнесті дамытуда мол тәжірибесі бар төраға бастаған шаруашылықтың шығар биіктері алда.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

АҢСАҒАН АТАМЕКЕНІМ

Он бес одақтас республиканы біріктірген алып КСРО тарап, әр мемлекет өз тәуелсіздігін алғалы да ширек ғасырға таяп қалды. Еліміз өз алдына шаңырақ көтеріп, өз Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін көршілес мемлекетте өмір сүріп жатқан қандастар елге оралуға бет бұрды. Біз де сол алдыңғы көшпен елге оралдық. Оңай болған жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңдеріне сәйкес келген оралмандардың күні тіпті қиын болды. Тұрақты жұмысқа тұру, мекен-жайға орналасу, баспана табу да оңайға түспеді. Ел іші алтын бесік дегендейін, көпшілікпен бірге көп қиындықтарды жеңдік. Жергілікті басшылар да қарап қалған жоқ, тиісінше көмектер берілді. Тасбөгет кентінен оралмандар ауылы бой көтерді. Онда орналасқандардың көпшілігі баспаналы болды.

Мен туған жер топырағындағы алғашқы жұмысымды шағын қолөнерден бастадым. Шілтер тоқу, ою-өрнек жасау, киімдерді ретке келтіріп, құрақ құрау, көрпе-көрпешелер тігуден басталған жұмысым өрге басты. Қазір оншақты адам жұмыс істейтін қолөнер шеберханасына басшылық жасаймын. Біз жасаған туындылар, ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген киімдер, тұтыну заттары көпшілік сұранысына ие. Қол жеткізген табыстарымыз өз алдына бір төбе. Осының бәрі туған еліміздің бізге деген қамқорлығының айғағы. Біз, оралмандар, туған еліміздің түтінінің әрқез түзу ұшуын жан жүрегімізбен қалаймыз. Аспанымыз ашық, тұрмысымыз шат болғай!

Қарлығаш ІЛИЯСОВА.
Тасбөгет кенті.

БАБАЛАР АРМАНЫ

Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті.

1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі Мемлекеттік егемендік туралы декларациясын қабылдады. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған болатын. Бұл қоғамның, адам құқықтары мен бостандықтарының, меншіктің, саяси плюрализмнің және билік бөлінуінің негізгі қағидаларын бейнелейтін құқықтық, саяси және идеологиялық құжат. Осы іргелі ережелер Конституцияның негізін қалады.

16 желтоқсан – ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Осыдан 24 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол – тәуелсіздік даңғылы. Басты мұрат – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына бекем болу. Тектілердің тұяғы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз тыныштықта, Отанымыз еркіндікте өмір сүруде. Қазақстан тарихында 16 желтоқсан ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты бағасымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалады.

Әмірхан ЖҰМАБАЕВ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы.

● БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ЕЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТІЛЕГІ

Міне, біздің тәуелсіз ел болғанымызға 24 жыл толып отыр. Дүниеде тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз тек бір ұрпақтың ғана емес, барша қазақстандықтардың еңбегі. Ендігі басты мұратымыз – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

Тәуелсіздік алған ширек ғасырдай мерзім ішінде Қазақстанды әлемнің барлық елі таныды. Мемлекетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, көптеген беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды. Қазақстан барлық елдермен достық қатынасын нығайтты. Еліміздің экономикасы, мәдениеті, саяси жүйесі орнықты, демократия мен заңдылық, құқық тәртібі жетілді.

Тәуелсіздік алған уақытта елімізде Конституция қабылданды. Еліміз Президенттік басқару жүйесіне өтті. Мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодекстер, заңнамалар қабылданып, мемлекеттің құрылысын өркендетуге сүбелі үлес қосылуда. Елімізде халықтар достығы нығайды. Дүние жүзіне үлгі болатын Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл 20 жыл толып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан эволюциялық жолмен, бейбіт дамудың нәтижесінде саясатта, экономикада, халықаралық қатынастарда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен биік белестерге көтерілді. Тәуелсіздік – ел тілегі десек, Елбасы – ел тірегі екенін өмірдің өзі растап отыр. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанда Президент – біреу, ал ел халқы оған әруақытта – тіреу.

Елена КИМ,
корей этномәдени бірлестігінің төрайымы.

Адамзат өміріндегі барлық игіліктердің ұлысы – Тәуелсіздік! Менің туған жерім – Қазақстан! Бұл – бай тарихымен, көне мәдениетімен және ерекше табиғатымен ұлы мемлекет. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Міне, содан бері ширек ғасырға жуық бұл күн – Қазақстан халқы үшін ұлы күн саналады. Бұл – Қазақстанды мекен ететін барлық халықтардың достығының нәтижесі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында еліміз әлемге танылды. Халқымыз – тыныштықта, Отанымыз – еркіндікте. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Түндеріміз – бейбіт, күндеріміз – нұрлы. Бізге өз тәуелсіздігіміз қымбат.

Әлем қызыға да қызғана көз тіккен Астана – тәуелсіздіктің тұғыры. Ол бірлігімізді, тірлігімізді әлемге айғақтап тұр.

Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар ертеңгі өміріміз – Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырыңа жауап беру. Сондықтан достығы жарасқан барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеп, кең-байтақ Отанымызды қорғауымыз керек. Өйткені, Қазақстан – біздің ортақ үйіміз.

Федор АЛХАЗОВ,
грек этномәдени бірлестігінің төрағасы.

ЕҢБЕК ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛМАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ, ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫНА, ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

III ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН

Әбішев Қылышбек – «Жаңажол» ЖШС директоры, Қармақшы ауданы, облыстық мәслихат депутаты

Әбішев Қылышбек басқаратын бұл шаруашылық негізгі дақыл күріш өндіруде 1998 жылдан бастап үздіксіз аудан, облыс чемпионы болып келеді. 2015 жылы серіктестік 3640 гектарға күріш дақылын егіп, одан 24097 тонна күріш салысын жинады. Орта өнімі гектарына 66,2 центнерден болды.

Ол шаруашылықты басқарған кезден бастап қиын-қыстау кезеңдерде елдің тарап кетуіне жол бермей, ауызбіршілігін сақтап, бір ұжым болып жұмыс атқаруға үлес қосқан жанашыр жан. Механизаторлар мен дикандардың еңбек өнімділігі артып, олардың еңбекақылары 4-5 есе өсіп, әлеуметтік жағдайлары жақсарды.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН

Камалатдин Аббас Камалатдинұлы – «Мәді Қажы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Сырдария ауданы

А. Камалатдин басқаратын «Мәді қажы» ЖШС-да 400 адам тұрақты жұмыс жасайды. Серіктестік егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын қоса дамытып келеді. Бүгінгі күні 200 бас асыл тұқымды жылқы өсіріп, ет, сүт, қымыз өндіруді қолға алып отыр.

Сонымен бірге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға микрокредиттік ұйым аша отырып, ұзақ мерзімге төмен үстememен 25 миллион жеңілдетілген несие таратып, олардың кәсіпкерлікпен айналысуына, қосымша жұмыспен қамтамасыз етілуіне жағдай жасауда. Ауыл орталығын көркейту, көгалдандыру жұмыстары да серіктестік тарапынан атқарылады.

Мұстафаев Садық Шоңмұрынұлы – Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

С.Мұстафаев аймақтың спорт саласының дамуына ерекше үлес қосып, басқармаға басшылық еткен 10 жыл ішінде 206 облыстың спортшылары Олимпиада, Әлем, Азия ойындары мен чемпионаттарында 413 медальды иеленді.

Олардың арасында 2 олимпиада жүлдегері (2 мәрте чемпион, 1 қола жүлдегер), биылдың өзінде облысымызда бірнеше Әлем чемпиондарының шығуына Садық Шоңмұрынұлының сіңірген еңбегі орасан зор.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН

Махашов Бақдәулет Еркінбекұлы – «Жан-Арай Жем» ЖШС директоры, Қызылорда қаласы

Б.Махашов басқаратын «Жан-Арай Жем» ЖШС «Байқоңыр ӘКК» АҚ «ҰК» бірлескен жобасының аясында 2015 жылдың мамыр айынан бастап неміс технологиясымен жабдықталған құрама жем зауытын іске қосты. Қазіргі таңда МІҚ, уақ мал, асыранды құс және балық өсіру өндірістеріне арналған жем өнімдерін шығаруда.

Сонымен бірге, «Жан-Арай» ЖШС Оңтүстік Корей жабдығымен жарақталған күріш өңдеу зауытын іске қосып, тәулігіне 150 тонна күріш өнімін өңдеп, жоғары сапалы күріш өнімін сыртқа экспорттауда.

Мыханов Сапарбек Ақмырзаұлы – «Байтабын» ЖШС директоры, Жалағаш ауданы

С.Мыханов басқаратын шаруашылық жыл сайын алдыңғы қатардан көрініп келеді. Ауыл шаруашылығының негізгі дақылын өндіретін серіктестік егілген 1300 гектар күріштің әр гектарынан 60-65 ц-дан, 500 гектар жоңышқаның әр гектарынан 60 ц үздіксіз өнім алуда. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының басқа дақылдарын егуде шаруашылық үлкен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Сапарбек Ақмырзаұлы өзі туып-өскен Бұқарбай батыр ауылындағы тұрмысы төмен отбасыларға көмек қолын созудан еш аянған емес. Аудан төңіріндегі өтетін қоғамдық-әлеуметтік шаралардың белсенді ұйымдастырушысы.

Сайлыбаев Бахытжан Әбдіқалықұлы – Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.Сайлыбаев аймақтың білім саласының дамуына ерекше үлес қосып келеді. Б.Сайлыбаевтың үйлестіруімен аймақта жүзеге асырылып жатқан жалпы орта білім беру саласындағы жүйелі жұмыстар нәтижесінде 2015 жылғы мектеп бітірушілер Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысында 81,7 балмен республика бойынша 13-орыннан 5-орынға көтерілді, 139 бітіруші «Алтын белгіге» ие болды.

Б.Сайлыбаевтың білім саласындағы бірнеше жылғы табысты ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 2 монография, 10-нан астам оқу және оқу-әдістемелік құралдары, 100-ден астам ғылыми мақалалары түрлі басылымдарда жарық көрді.

Үдербаева Рая Пірмағамбетқызы – «Монтажспецстрой» ЖШС бас директоры

Р.Үдербаева басқаратын серіктестік облыстың ірі құрылыс компанияларының бірі. Серіктестік құрылыс жұмыстарында қазіргі заманға сай дүниежүзінің жаңа жетекші технологияларын, құрылыс объектілеріне сәулет өнерінің үздік үлгілерін қолданып, оларды дер кезінде пайдалануға беріп келеді. Серіктестікте 700-ге жуық тұрақты адам жұмыс жасайды.

Р.Үдербаева 2000 жылдан бері аймақтағы теңдесі жоқ табиғи «Көксу» тәлімбағын қолға алып, гүлдендірді. Бүгінгі күні шаруашылық иелігіндегі 18,7 гектар аумақта жапырақты, қылқан жапырақты, жеміс беретін және сәндік мақсаттағы 150 мың декоративтік ағаштар мен бұталар өсіріледі.

Хамидов Ашур Халилұлы – «Өзбек этномәдени» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

А.Хамидов – 1995 жылдан бастап өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Облыстық ассамблеяның ақпараттық-насихаттық тобының белсенді мүшесі, екі жыл қатарынан Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Бүгінгі күні бірлестіктің ауызбіршілікте жұмыс жасауын ұйымдастырып, өскелең ұрпаққа үлкенді құрметтеу, татулықты сақтау, қазақстандық патриотизмді нығайту жолында үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Облыста этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің сақталуына, Елбасының этносаралық қатынастар саласындағы кемел саясатын жүзеге асыруға зор үлес қосуда.

III ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІМЕН

Ізбанбетов Жолдасбай Бодыбайұлы – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ бұрғылаушысы

Ж.Ізбанбетов «ПҚҚР» АҚ компаниясында жұмыс атқарған жылдары өзін тек жауапты әрі бастамашыл қызметкер ғана емес, сонымен қатар, өзінің қызметтес жас әріптестеріне әрқашан қол ұшын беруге дайын тұратын қамқор жолдас ретінде көрсете білді. Мұнай мен газды өндіру үшін үлкен диаметрлі ұңғымаларды бұрғылауда, өндірістік тапсырмаларды мерзімінде әрі сапалы орындауға үнемі септігін тигізіп келеді.

Ж.Ізбанбетовтың кәсіби шеберлігімен орындаған жұмыстарының барлығы жоғары деңгейде, іс-қимылының айқындылығымен ерекшеленеді. Көп жылғы еңбек қызметінде бірнеше ізбасарларын тәрбиелеп, олармен өзінің еңбек тәжірибесін бөлісіп келеді.

Легрова Михариша Турдахуновна – «Нұр Строй ЛТД» ЖШС Қызылорда филиалы темірбетон цехының басшысы

Техникалық бақылау мен арматура цехында жұмыс істей жүріп ол сапалы темірбетон өнімдерін өндіру мен құрылыс материалдарының жаңа түрлерін игеруге елеулі үлес қосты.

Сейтов Мұхит Сағитжанұлы – «Құланды» ЖШС аға түйешісі, Арал ауданы

М.Сейтовтың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде «Құланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2000 жылдан бастап қазақтың айыр өркешті түйесін өсіретін асыл тұқымды түйе шаруашылығы мәртебесіне ие болды.

Бүгінгі күні серіктестік жыл сайын әрбір 100 аналық ингеннен 45-50 бас аралығында бота алып отыр.

2015 жылы бағымындағы 120 бас түйенің 57 бас аналық ингенінен 30 бота алып (52,6%) мал басын 99,7 пайызға аман сақтап қалды.

Складчиков Евгений Васильевич – ГКП «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК слесарі, Қызылорда қаласы

Евгений Васильевич кәсіпорын дамуына айтарлықтай үлес қосқан маман. Ол жекелеген тораптар мен химия цехының жабдықталуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорындағы жастардың тәлімгері.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

Әбубәкіров Ибрагим Серікбайұлы – «Абу-Сер» ЖШС директоры, Қызылорда қаласы

Бүгінгі күні И.Әбубәкіров басқарып отырған «Абу-Сер» ЖШС аймағымыздағы алдыңғы қатарлы құрылыс компанияларының бірі. Компания ірі құрылыс объектілерін сапалы жүргізіп, оларды дер кезінде пайдалануға беріп келеді.

Серіктестік құрылыс жұмыстарында қазіргі заманға сай жаңа технологияны батыл қолданып, құрылыс объектілеріне сәулет өнерінің үздік үлгілерін қолданып отырады. Серіктестік аймақтың бас гимараты саналатын «Облыстық мекемелер үйін» салып 2014 жылы пайдалануға берді. И.Әбубәкіров облыстың құрылыс саласының дамуына, құрылысқа қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне лайықты үлес қосып келеді.

Ақжігітова Индира Сансызбайқызы – «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» ММ бөлім басшысы

И.Ақжігітова жоғары кәсіби біліктілігімен өнірімізде ақпараттық технологияларды дамытуға барынша үлес қосып келеді. Индира Сансызбайқызының тікелей қатысуымен жүзеге асырылған облыс әкімдігінің ахуалдық орталығы республика бойынша толыққанды бірінші өнірлік ахуалдық орталық ретінде танылды.

Ахуалдық орталық 2015 жылғы Амстердам қаласында өткен халықаралық аудиовизуалдық инновациялар «InAVation Awards» байқауына қатысқан Ұлыбритания, Ресей, Бахрейн сияқты бірнеше мемлекеттер ішінен, ахуалдық орталықтар номинациясы бойынша гран-при иегері атанды.

Арыстанбаев Болат Сабырұлы – «ҚазСуШар» РМК Қызылорда облыстық филиалының басшысы

Қазақстан агроөнеркәсібінің күрметті қызметкері Б.Арыстанбаев аймақтағы егіншілікпен айналысатын шаруашылықтарды үздіксіз сумен қамтамасыз етіп, гидромелиорациялық саласында жемісті еңбек етуде. 2006 жылғы тариф бойынша су жеткізіп беру ақысын облыс бойынша 1 м³ судың бағасы 6,8 тиын болып белгіленген, бұл Республика бойынша ең төменгі баға болды.

Іскерлік басқарушында кәсіпорын 2010 жылы Франциянын Монако қаласында Халықаралық Іскерлік Ынтымақтастығының V саммитінде мінсіз іскерлігі үшін «INSAM» медалімен марапатталды.

Баймаханов Қайраддин Әлібайұлы – «Қазақстан Республикасы Ауғанстан соғысы және жергілікті соғыс ардагерлері» ҚБ облыстық филиалының төрағасы

Қ.Баймаханов басқаратын қоғамдық ұйым өз қарамағына Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерін, Семей полигонында зардап шеккендерді, Чернобыль апатына қатысушыларды және тәжік-ауған шекарасында «ҚазБат» құрамында өз әскери қызметін орындағандар мен олардың жесірлерін біріктіреді.

Қ.Баймаханов облыс әкімі жанындағы ҮЕҰ жұмысы жөніндегі жастар саясаты кеңесінің және «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің мүшесі.

Қ.Баймаханов «Ерлік» үйлестіру кеңесін басқарып, жеткіншек ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру бағытында азаматтық белсенділік танытып келеді.

Барақбаева Майра Әжмағамбетқызы – «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы» ММ басшысының орынбасары

М.Барақбаева облыстың құрылыс саласының дамуына, объектілер сапасының артуына, қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне, бөлінген бюджет қаржысының уақытылы әрі сапалы игерілуіне, құрылыс саласындағы мамандардың біліктілігінің артуына лайықты үлес қосып келеді. Басқармаға жыл сайын бөлінетін қаржыларды мақсатты, тиімді, сапалы және өз мерзімдерінде игеруде М.Барақбаеваның үлесі зор.

Биылғы жылы Өнірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында 28 199 шаршы метрді құрайтын 300 пәтер пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, қаржы тапшылығына қарамастан 4 есеге артық.

Жомарт Зәуреш Қызырбекқызы – «№ 204 орта мектеп» КММ химия және биология пәнінің мұғалімі, Қазалы ауданы

35 жылдық еңбек өтілі бар Зәуреш Қызырбекқызы I санатты химия-биология пәні мұғалімі. Оқушылары аудандық пән олимпиадаларының жүлдегері, облыстық «Дарын» орталығы ұйымдастырған ғылыми жоба байқауларының жүлдегері, «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафон жүлдегері, Республикалық кіші ғылым академиясының І иегері.

Өзінің шәкірттерін мақтан тұтады. Қай жылы бітірген түлектері болса да, Абай атамыз айтқандай, дүниенің кетігін тауып, кірпіш болып қаланып үлгірді. Бүгінде бірі-теміржолшы, бірі – дәрігер, бірі – мұғалім.

Ермағамбетова Күлэй – «Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесі» ҚБ төрағасының орынбасары

Күлэй Сағындыққызы аймақтағы 100-ден аскан ардагерлердің өмір жолдарын насихаттап, «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты тәлімтәрбиелік маңызы бар облыстық байқаулардың, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты облыстық өнер фестивалінің жоғары деңгейде өтуіне ерекше үлес қосты.

Қойкелдиев Қадырқұл Қасенұлы – «Волковгеология» акционерлік қоғамы филиалының геологиялық барлау экспедициясының жетекшісі, Шиелі ауданы

Қадырқұл Қасенұлы – геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында жоғары технологияларды пайдаланып, жаңашыл идеяларды көтеріп, өндіріске енгізіп жүретін ізденімпаз маман. Бірнеше новаторлық идеялардың авторы.

Ыдырысов Серхожа – Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары

Ыдырысов Серхожа қызметіне жауапты, өзіне жүктелген міндеттерін тиімді әрі адал орындайды. Саланың негізгі құндылықтарын сақтай біледі. Жаңақорған ауданының өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына, жетекшілік ететін саласы бойынша Жаңақорған кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын дамытуға барынша үлес қосып келеді.

Соңғы 3 жылда 8 әлеуметтік нысандар салынып, аудан аумағындағы елді мекендерді таза сумен қамтамасыз ету мақсатында да біршама жобалар жасалып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Маханбет Патима Шаймерденқызы – «Нұр Отан» партиясы» Шиелі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары

П.Маханбет «Нұр Отан» партиясы Шиелі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, партияның белсенді мүшесі, Елбасының Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында Шиелі кентінен құны 30 млн. теңге болатын мал сою және бордақылау пунктінің құрал-жабдықтарына «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-нан 10,5 млн теңге қаржы несие алып, қалған 20 млн теңге өз қаражатынан қаралып, мал сою және бордақылау пунктін ашып, қарамағында 40-қа жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыған.

Мырзамұратова Нұржамал Ахметқалиқызы – «Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ директоры

Н.Мырзамұратова мәдени саланы және қоғамды ақпараттандырудың жаңа талабына сәйкес облыс кітапханаларының дамуына ерекше үлес қосып келеді. Кітапханаға келушілердің сұраныстарын қанағаттандыруда қызмет көрсетудің жаңа инновациялық түрлерін пайдалануға, заманауи талаптарға сәйкес ақпараттық қызмет көрсетуге барынша ықпал етуде.

2015 жылдан БҰҰ және ҚР Үкіметінің «Қызылорда облысы тұрғындарының, соның ішінде әлжуаз топтар өкілдерінің әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсарту» атты бірлескен бағдарламасы аясында «Шаңырақ» интеллект-орталығы өз жұмысын бастады.

Өтегенова Балшекер Сұлтанбекқызы – «Сырдария аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ басшысы

Б.Өтегенова ауданның әлеуметтік қорғау жүйесін басқару кызметінде халықтың аз қамтылған тұрмысы төмен топтармен және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының ауданда қарқынды іске асуына мол тәжірибесі мен іскерлігін жұмсап келеді.

2008 жылы Лондон қаласында «Муниципалдық билік органдары – дамуы және келешегі» тақырыбында біліктілігін арттырған. 2013 жылы «Әлеуметтік-еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы – «Асар» ЖШС директоры, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты

Қ.Сақтағанов басшылық ететін серіктестік қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы ең ірі құрылыс мекемелерінің бірі болып саналады. «Асар» ЖШС денсаулық сақтау, білім, мәдениет, тұрғын үйлердің ірі объектілерін, сауда объектілерін салып, жоғары сапада пайдалануға берді.

Қ.Сақтағанов құрылыс, кәсіпкерлік саласындағы еселі еңбегі арқылы облысымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына өзіндік үлесін қосып келеді. Қалалық мәслихат депутаты ретінде қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып, ардагерлерге, мүгедектерге, соқырлар қоғамына қайырымдылық жасап, білім беру ұйымдарына да демеушілік көрсетуде.

Үрістембеков Бидас – «К. Рүстембеков атындағы жыраулар үйі» директорының орынбасары, Қармақшы ауданы

Б.Үрістембеков облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеде өткізілген мәдени-көпшілік іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, аймақтың мәдени-рухани дамуында өзіндік қолтаңба қалыптастырды. Репертуарында «Қобыланды» жыры, «Көрұғлы» дастаны, Шораяқтың Омарының «Сәдуақас пен Сахи», Жиенбайдың «Кедей» қиссасы, Балқы Базардың, Тұрмағамбеттің, т.б. ақын-жыраулардың терме-толғаулары бар.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, 2015 жылы «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы – «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Жалағаш ауданы

И.Шағыртаев басқаратын «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандағы озат шаруашылықтардың қатарында. Шаруашылық жылма-жыл жүлделі орындарға ие болып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. 2014 жылы облыс бойынша алғаш рет болып 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп дақылын егіп, мол өнім алды.

Сонымен қатар, И. Шағыртаев Таң ауылын абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысып, түрлі мәдени-көпшілік, спорттық шараларға демеушілік жасап келеді.

Ауыл орталығын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 2 канал қаздырып, 1400 метр жерге қоршау жұмыстарын жүргізген.

Ысқақова Райхан Құсайынқызы – «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ басшысының орынбасары

Р.Ысқақова жоспарлы экономиканың кезеңдерінде қаржы жүйесін қалыптастыруда және облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосуда.

Соңғы 3 жылда бюджет қоржынының 36 млрд. теңгеге өсуіне атсалысып, нәтижесінде көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешімін тапты.

«Қаржы қызметінің үздігі» және «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен марапатталған.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН

Ахметова Рахима Қаржаубайқызы – «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары, Қызылорда қаласы

Р.Ахметова ұйымдастырушылық қабілетімен, мол тәжірибесімен облыстағы әйелдердің мәртебесі, ролін көтеруде белсенді үлес қосып келеді.

Р.Ахметова әйелдерге байланысты мемлекеттік саясат мәселелерін алға қоюда халықаралық ұйымдармен (SIDA, SALA, ОБСЕ) әрдайым әріптестікте. Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер жөніндегі комиссия гендерлік тепе-теңдік жобасының бастамашысы болып, бұл жоба облыста Халықаралық даму және ынтымақтастық Швециялық басқармасының қолдауымен жүзеге асырылды.

Бұрханова Орынқұл Балтабайқызы – «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» МККҚ бас режиссері

О.Бұрханова кәсіби біліктілігі, тың шығармашылық ізденістері арқасында Орынбор, Алматы, Астана, Өскемен, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе облыстарындағы Қызылорда облысының мәдениеті мен өнер күндерінің жоғары деңгейде өтуіне зор еңбек сіңірді.

2012 жылы Мәскеу мәдениет және өнер қызметкерлерін қайта даярлау академиясының режиссерлік курсынан өтіп, оның есімі ТМД елдері арасындағы халықаралық «Лучшие люди» энциклопедиясына енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫМЕН

Кәрібозұлы Бағдат – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ директоры

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі Бағдат Кәрібозұлы білім-ғылым саласындағы ұстаздық қызметінде 2 ғылым кандидатын, 30 магистр дайындап шығарды. «Сырдария» кітапханасының 200 томын шығарумен айналысып, аяқтады.

Бағдат Кәрібозұлы «Құрмет» орденінің және «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ шығармашылық бірлестігінің медальдары мен «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН

Жұмабаева Лаззат Қасымқызы – «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат-үйі» КММ шаруашылық аяжаны

Л.Жұмабаева арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес карттар үйінде берілетін тұрғын үй орынжайлардың жай-күйі, олардың жайлылығы, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етіп қоймай, қызмет алушылармен араласа отырып, 6 қызмет алушыға жаңұя болуға қол ұшын берді.

Доскарин Бүркіт Тоққожаұлы – «ҚОР» мұнай компаниясы» АҚ орталық инженер-техникалық қызметінің басшысы

Б.Доскарин атқарып жүрген қызметі барысында өзін сауатты және білікті маман екендігін көрсетті. Қазіргі күннің талаптарына сәйкес ұйымдастырушылық, іскерлік қасиеттері бар, өзіне талапшыл, өзінің кәсіби деңгейін үнемі көтеруге көп көңіл бөледі. Қызметтік міндеттеріне, берілген тапсырмаларға адал және тиянақты.

Б.Доскарин кен орны жұмысын ұйымдастыру және басқару барысында жоғары кәсіби біліктілік танытып, белсенділігі мен іскерлігін көрсетіп келеді.

Жетесәлі Мұратбай Өтемісұлы – «Сыр Маржаны» ЖШС бас агрономы, Қазалы ауданы

М.Жетесәлі ауыспалы егістіктегі дақылдарды кезектестірудің бірыңғай жүйесін сақтай отырып, 2014 жылы егілген 2100 га жердің әр гектарынан орташа 40 ц өнім алынса, биыл 45 ц өнім алынды.

Шаруашылық Мұратбай Өтемісұлының бастамасымен 2014 жылы күріш тұқымынан қызыл дән айыратын талшықты-оптикалық фотосепаратормен сатып алу бойынша жұмыс жасап, қызыл дәннің мөлшері 10 есеге дейін азайып отыр.

Жүбекешов Мейрам Үсенадинұлы – «Мелиоратор» ЖШС бас инженері, Қызылорда қаласы

Мейрам Үсенадинұлының жемісті келіссөздерінің нәтижесінде серіктестік ресейлік және беларусьтік ірі машина жасау кәсіпорындарының өнімдері – самосвалдар, бульдозерлер, экскаваторлар, өзге де техникалық құралдарын тиімді бағалармен сатып алуға қол жеткізілді.

Қызылорда халқының жайлы демалыс орнына айналған жағажайға және «Арай» спорттық ойын-сауық кешені» құрылысының бой көтеруіне өзіндік үлесін қосты.

Қазіргі уақытта Жаңақорған ауданында цемент зауытын салу мақсатында келіссөздер жүргізуге белсене қатысуда.

Кененбаев Аманкелді – суретші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі

А.Кененбаев – Әлем халықтары өнер ассоциациясының еңбек сіңірген суретшісі. 2007 жылы Англияда өткен «Қазақстанның жаңа өнері» көрмесіне, 2012 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен «Жер. Уақыт. Адамдар» атты халықаралық көрмесіне қатысып, жоғары марапаты «Алтын қыран» медалін иеленді. Бүгінгі күні суретшінің жұмыстары Жапонияның Токио қаласында өтіп жатқан көрмеге қатысуда.

А.Кененбаев Франциянын Париж қаласындағы М.Шоқай ескерткішбюстінің (қола, 2010 ж.), Қызылорда қаласындағы «Сыр бойы батырлары» мүсіндік композиция (қола, 2005 ж.), Жаңқожа батыр ескерткіші (қола, 2014 ж.), Ә.Тәжібаевтың бюсті (гранит, 2015 ж.), т.б. көптеген монументальды-мүсіндік туындылардың авторы.

Құлымбетов Әбділғазиз Құлмаханұлы – «Қызылорда су жүйесі» МКК апаттық-диспетчер қызметінің слесарі

Ә.Құлымбетовтің Қызылорда қаласындағы су құбыры, көріз жүйесі шаруашылығында атқарған еңбегі ерекше.

Ағымдағы жылы 720 мм және 560 мм диаметрлі құбырларының жарылыстарын жою жұмыстарына Ә. Құлымбетов белсене кірісіп, диаметрі 300 мм, 200 мм, 100 мм көріз су құбырлары бойынша 38-не жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Өтебаев Пернебай Қыдырұлы – «Қызылқұм» ЖШС «Хорасан-1» кеніші директорының орынбасары, Жаңақорған ауданы

П.Өтебаев қызмет атқаратын серіктестік аудан халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына көмек қолын созып, көптеген қайырымдылық шараларға белсене қатысуды дағдыға айналдырған.

«Байкен-U» ЖШС «Хорасан-1» кеніші бастығының жалпы істері жөніндегі орынбасары қызметінде П. Өтебаев өндіріс базасын нығайтуға, жаңа техникалар мен қондырғыларды игеруге, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруда белсенділік танытып, өндіріс саласын дамытуға өз үлесін қосты. Уран өндіруде химиялық реагенттерді қауіпсіз және уақытылы жеткізуді жоғары деңгейде ұйымдастырады.

Подольских Александр Николаевич – Ы. Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері

Александр Николаевичтің жетекшілігімен күріш өсімдігі ресурсының мың жарымнан астам үлгісін жинақтаған Ұлттық коллекция жасақталды. Ол бірнеше күріш сортының авторы және соавторы.

Садуақасов Бекболат Ақиұлы – «№ 262 мектеп-гимназиясы» КММ директоры, Арал ауданы

Б.Садуақасов басшылық ететін мектеп түлектері өткен оқу жылының қорытындысы бойынша 20 оқушы мемлекеттік грантының иегері, Ж.Разақова Мәскеу ғылыми ұлттық зерттеу университетінің гранттың, 12 оқушы «Серпін» бағдарламасының грантын иеленді. 2 «Алтын белгі» иегерлері Ә.Құлманова мен Ж.Қапанова - мектеп мақтаныштары, ұстаздар сенімін ақтады.

Толоконников Владимир Петрович – «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының директоры

Этникааралық толеранттық пен қоғамдық келісімді сақтауға, бірлік пен ынтымақты дамытуға, облыс жастары арасында қазақстандық патриотизмді насихаттауға үлес қосып келеді.

Хван Вадим – «№ 1 Қызылорда қалалық емханасы» МКК дәрігер-невропатологы

В.Хван №1 қалалық емханада невропатолог маманы болып 1988 жылдан бері жұмыс атқарады. І санаттағы дәрігер.

Емхананың неврология кабинетінің негізгі көрсеткіштері соңғы 3 жылда жақсарып келеді. Диспансерлік есепте 250 науқас тұрса, олардың барлығы дерлік тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Жүйке жүйесінің ауруларымен мүгедектікке шыққан науқастарды дер кезінде емдеп, диагностикалаудың нәтижесінде жұмысқа қайта қосылу көрсеткіші 2012 жылы – 4, 2015 жылы 8 есеге жақсарған.

ҚР Президентінің Жарлығымен Ұлттық Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы **Нұрлан Қашақбайұлы Пірімов "Құрмет" орденімен** марапатталды.

ЕҢБЕК ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛМАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ, ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК–ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫНА, ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАЛАДЫ:

III ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН

Әбішев Қылышбек – «Жаңажол» ЖШС директоры, Қармақшы ауданы, облыстық мәслихат депутаты

Әбішев Қылышбек басқаратын бұл шаруашылық негізгі дақыл күріш өндіруде 1998 жылдан бастап үздіксіз аудан, облыс чемпионы болып келеді. 2015 жылы серіктестік 3640 гектарға күріш дақылын егіп, одан 24097 тонна күріш салысын жинады. Орта өнімі гектарына 66,2 центнерден болды.

Ол шаруашылықты басқарған кезден бастап қиын-қыстау кезеңдерде елдің тарап кетуіне жол бермей, ауызбіршілігін сақтап, бір ұжым болып жұмыс атқаруға үлес қосқан жанашыр жан. Механизаторлар мен диқандардың еңбек өнімділігі артып, олардың еңбекақылары 4-5 есе өсіп, әлеуметтік жағдайлары жақсарды.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН

Камалатдин Аббас Камалатдинұлы – «Мәді Қажы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Сырдария ауданы

А. Камалатдин басқаратын «Мәді қажы» ЖШС-да 400 адам тұрақты жұмыс жасайды. Серіктестік егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын қоса дамытып келеді. Бүгінгі күні 200 бас асыл тұқымды жылқы өсіріп, ет, сүт, қымыз өндіруді қолға алып отыр.

Сонымен бірге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға микрокредиттік ұйым аша отырып, ұзақ мерзімге төмен үстемемен 25 миллион жеңілдетілген несие таратып, олардың кәсіпкерлікпен айналысуына, қосымша жұмыспен қамтамасыз етілуіне жағдай жасауда. Ауыл орталығын көркейту, көгалдандыру жұмыстары да серіктестік тарапынан атқарылады.

Мұстафаев Садық Шоңмұрынұлы – Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

С.Мұстафаев аймақтың спорт саласының дамуына ерекше үлес қосып, басқармаға басшылық еткен 10 жыл ішінде 206 облыстың спортшылары Олимпиада, Әлем, Азия ойындары мен чемпионаттарында 413 медальды иеленді.

Олардың арасында 2 олимпиада жүлдегері (2 мәрте чемпион, 1 қола жүлдегер), биылдың өзінде облысымызда бірнеше Әлем чемпиондарының шығуына Садық Шоңмұрынұлының сіңірген еңбегі орасан зор.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН

Махашов Бақдәулет Еркінбекұлы – «Жан-Арай Жем» ЖШС директоры, Қызылорда қаласы

Б.Махашов басқаратын «Жан-Арай Жем» ЖШС «Байқоңыр ӘКК» АҚ «ҰК» бірлескен жобасының аясында 2015 жылдың мамыр айынан бастап неміс технологиясымен жабдықталған құрама жем зауытын іске қосты. Қазіргі таңда МІК, уақ мал, асыранды құс және балық өсіру өндірістеріне арналған жем өнімдерін шығаруда.

Сонымен бірге, «Жан-Арай» ЖШС Оңтүстік Корей жабдығымен жарақталған күріш өңдеу зауытын іске қосып, тәулігіне 150 тонна күріш өнімін өңдеп, жоғары сапалы күріш өнімін сыртқа экспорттауда.

Мыханов Сапарбек Ақмырзаұлы – «Байтабын» ЖШС директоры, Жалағаш ауданы

С.Мыханов басқаратын шаруашылық жыл сайын алдыңғы қатардан көрініп келеді. Ауыл шаруашылығының негізгі дақылын өндіретін серіктестік егілген 1300 гектар күріштің әр гектарынан 60-65 ц-дан, 500 гектар жоңышқаның әр гектарынан 60 ц үздіксіз өнім алуда. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының басқа дақылдарын егуде шаруашылық үлкен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Сапарбек Ақмырзаұлы өзі туып-өскен Бұқарбай батыр ауылындағы тұрмысы төмен отбасыларға көмек қолын созудан еш аянған емес. Аудан төңіріндегі өтетін қоғамдық-әлеуметтік шаралардың белсенді ұйымдастырушысы.

Сайлыбаев Бахытжан Әбдіқалықұлы – Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.Сайлыбаев аймақтың білім саласының дамуына ерекше үлес қосып келеді. Б.Сайлыбаевтың үйлестіруімен аймақта жүзеге асырылып жатқан жалпы орта білім беру саласындағы жүйелі жұмыстар нәтижесінде 2015 жылғы мектеп бітірушілер Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысында 81,7 балмен республика бойынша 13-орыннан 5-орынға көтерілді, 139 бітіруші «Алтын белгіге» ие болды.

Б.Сайлыбаевтың білім саласындағы бірнеше жылғы табысты ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 2 монография, 10-нан астам оқу және оқу-әдістемелік құралдары, 100-ден астам ғылыми мақалалары түрлі басылымдарда жарық көрді.

Үдербаева Рая Пірмағамбетқызы – «Монтажспецстрой» ЖШС бас директоры

Р.Үдербаева басқаратын серіктестік облыстың ірі құрылыс компанияларының бірі. Серіктестік құрылыс жұмыстарында қазіргі заманға сай дүниежүзінің жаңа жетекші технологияларын, құрылыс объектілеріне сәулет өнерінің үздік үлгілерін қолданып, оларды дер кезінде пайдалануға беріп келеді. Серіктестікте 700-ге жуық тұрақты адам жұмыс жасайды.

Р.Үдербаева 2000 жылдан бері аймақтағы теңдесі жоқ табиғи «Көксу» тәлімбағын қолға алып, гүлдендірді. Бүгінгі күні шаруашылық иелігіндегі 18,7 гектар аумақта жапырақты, қылқан жапырақты, жеміс беретін және сәндік мақсаттағы 150 мың декоративтік ағаштар мен бұталар өсіріледі.

Хамидов Ашур Халилұлы – «Өзбек этномәдени» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

А.Хамидов – 1995 жылдан бастап өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Облыстық ассамблеяның ақпараттық-насихаттық тобының белсенді мүшесі, екі жыл қатарынан Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Бүгінгі күні бірлестіктің ауызбіршілікте жұмыс жасауын ұйымдастырып, өскелең ұрпаққа үлкенді құрметтеу, татулықты сақтау, қазақстандық патриотизмді нығайту жолында үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Облыста этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің сақталуына, Елбасының этносаралық қатынастар саласындағы кемел саясатын жүзеге асыруға зор үлес қосуда.

III ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІМЕН

Ізбанбетов Жолдасбай Бодыбайұлы – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ бұрғылаушысы

Ж.Ізбанбетов «ПҚҚР» АҚ компаниясында жұмыс атқарған жылдары өзін тек жауапты әрі бастамашыл қызметкер ғана емес, сонымен қатар, өзінің қызметтес жас әріптестеріне әрқашан қол ұшын беруге дайын тұратын қамқор жолдас ретінде көрсете білді. Мұнай мен газды өндіру үшін үлкен диаметрлі ұңғымаларды бұрғылауда, өндірістік тапсырмаларды мерзімінде әрі сапалы орындауға үнемі септігін тигізіп келеді.

Ж.Ізбанбетовтың кәсіби шеберлігімен орындаған жұмыстарының барлығы жоғары деңгейде, іс-қимылының айқындылығымен ерекшеленеді. Көп жылғы еңбек қызметінде бірнеше ізбасарларын тәрбиелеп, олармен өзінің еңбек тәжірибесін бөлісіп келеді.

Легрова Михарниша Турдахуновна – «Нұр Строй ЛТД» ЖШС Қызылорда филиалы темірбетон цехының басшысы

Техникалық бақылау мен арматура цехында жұмыс істей жүріп ол сапалы темірбетон өнімдерін өндіру мен құрылыс материалдарының жаңа түрлерін игеруге елеулі үлес қосты.

Сейтов Мұхит Сағитжанұлы – «Құланды» ЖШС аға түйешісі, Арал ауданы

М.Сейтовтың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде «Құланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2000 жылдан бастап қазақтың айыр өркешті түйесін өсіретін асыл тұқымды түйе шаруашылығы мәртебесіне ие болды.

Бүгінгі күні серіктестік жыл сайын әрбір 100 аналық інгеннен 45-50 бас аралығында бота алып отыр.

2015 жылы бағымындағы 120 бас түйенің 57 бас аналық інгенінен 30 бота алып (52,6%) мал басын 99,7 пайызға аман сақтап қалды.

Складчиков Евгений Васильевич – ГКП «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК слесарі, Қызылорда қаласы

Евгений Васильевич кәсіпорын дамуына айтарлықтай үлес қосқан маман. Ол жекелеген тораптар мен химия цехының жабдықталуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорындағы жастардың тәлімгері.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

Әбубәкіров Ибрагим Серікбайұлы – «Абу-Сер» ЖШС директоры, Қызылорда қаласы

Бүгінгі күні И.Әбубәкіров басқарып отырған «Абу-Сер» ЖШС аймағымыздағы алдыңғы қатарлы құрылыс компанияларының бірі. Компания ірі құрылыс объектілерін сапалы жүргізіп, оларды дер кезінде пайдалануға беріп келеді.

Серіктестік құрылыс жұмыстарында қазіргі заманға сай жаңа технологияны батыл қолданып, құрылыс объектілеріне сәулет өнерінің үздік үлгілерін қолданып отырады. Серіктестік аймақтың бас ғимараты саналатын «Облыстық мекемелер үйін» салып 2014 жылы пайдалануға берді. И.Әбубәкіров облыстың құрылыс саласының дамуына, құрылысқа қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне лайықты үлес қосып келеді.

Ақжігітова Индира Сансызбайқызы – «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» ММ бөлім басшысы

И.Ақжігітова жоғары кәсіби біліктілігімен өңірімізде ақпараттық технологияларды дамытуға барынша үлес қосып келеді. Индира Сансызбайқызының тікелей қатысуымен жүзеге асырылған облыс әкімдігінің ахуалдық орталығы республика бойынша толыққанды бірінші өңірлік ахуалдық орталық ретінде танылды.

Ахуалдық орталық 2015 жылғы Амстердам қаласында өткен халықаралық аудиовизуалдық инновациялар «InAVation Awards» байқауына қатысқан Ұлыбритания, Ресей, Бахрейн сияқты бірнеше мемлекеттер ішінен, ахуалдық орталықтар номинациясы бойынша гран-при иегері атанды.

Арыстанбаев Болат Сабырұлы – «ҚазСуШар» РМК Қызылорда облыстық филиалының басшысы

Қазақстан агроөнеркәсібінің құрметті қызметкері Б.Арыстанбаев аймақтағы егіншілікпен айналысатын шаруашылықтарды үздіксіз сумен қамтамасыз етіп, гидромелиорациялық саласында жемісті еңбек етуде. 2006 жылғы тариф бойынша су жеткізіп беру ақысын облыс бойынша 1 $м^3$ судың бағасы 6,8 тиын болып белгіленген, бұл Республика бойынша ең төменгі баға болды.

Іскерлік басқаруында кәсіпорын 2010 жылы Францияның Монако қаласында Халықаралық Іскерлік Ынтымақтастығының V саммитінде мінсіз іскерлігі үшін «INSAM» медалімен марапатталды.

Баймаханов Қайраддин Әлібайұлы – «Қазақстан Республикасы Ауғанстан соғысы және жергілікті соғыс ардагерлері» ҚБ облыстық филиалының төрағасы

Қ.Баймаханов басқаратын қоғамдық ұйым өз қарамағына Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерін, Семей полигонында зардап шеккендерді, Чернобыль апатына қатысушыларды және тәжік-ауған шекарасында «ҚазБат» құрамында өз әскери қызметін орындағандар мен олардың жесірлерін біріктіреді.

Қ.Баймаханов облыс әкімі жанындағы ҮЕҰ жұмысы жөніндегі жастар саясаты кеңесінің және «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің мүшесі.

Қ.Баймаханов «Ерлік» үйлестіру кеңесін басқарып, жеткіншек ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру бағытында азаматтық белсенділік танытып келеді.

Барақбаева Майра Әжмағамбетқызы – «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы» ММ басшысының орынбасары

М.Барақбаева облыстың құрылыс саласының дамуына, объектілер сапасының артуына, қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне, бөлінген бюджет қаржысының уақытылы әрі сапалы игерілуіне, құрылыс саласындағы мамандардың біліктілігінің артуына лайықты үлес қосып келеді. Басқармаға жыл сайын бөлінетін қаржыларды мақсатты, тиімді, сапалы және өз мерзімдерінде игеруде М.Барақбаеваның үлесі зор.

Биылғы жылы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында 28 199 шаршы метрді құрайтын 300 пәтер пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, қаржы тапшылығына қарамастан 4 есеге артық.

Жомарт Зәуреш Қызырбекқызы – «№ 204 орта мектеп» КММ химия және биология пәнінің мұғалімі, Қазалы ауданы

35 жылдық еңбек өтілі бар Зәуреш Қызырбекқызы I санатты химия-биология пәні мұғалімі. Оқушылары аудандық пән олимпиадаларының жүлдегері, облыстық «Дарын» орталығы ұйымдастырған ғылыми жоба байқауларының жүлдегері, «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафон жүлдегері, Республикалық кіші ғылым академиясының I иегері.

Өзінің шәкірттерін мақтан тұтады. Қай жылы бітірген түлектері болса да, Абай атамыз айтқандай, дүниенің кетігін тауып, кірпіш болып қаланып үлгірді. Бүгінде бірі-теміржолшы, бірі – дәрігер, бірі – мұғалім.

Ермағамбетова Күләй – «Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесі» ҚБ төрағасының орынбасары

Күләй Сағындыққызы аймақтағы 100-ден асқан ардагерлердің өмір жолдарын насихаттап, «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты тәлім-тәрбиелік маңызы бар облыстық байқаулардың, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты облыстық өнер фестивалінің жоғары деңгейде өтуіне ерекше үлес қосты.

Қойкелдиев Қадырқұл Қасенұлы – «Волковгеология» акционерлік қоғамы филиалының геологиялық барлау экспедициясының жетекшісі, Шиелі ауданы

Қадырқұл Қасенұлы – геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында жоғары технологияларды пайдаланып, жаңашыл идеяларды көтеріп, өндіріске енгізіп жүретін ізденімпаз маман. Бірнеше новаторлық идеялардың авторы.

Ыдырысов Серхожа – Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары

Ыдырысов Серхожа қызметіне жауапты, өзіне жүктелген міндеттерін тиімді әрі адал орындайды. Саланың негізгі құндылықтарын сақтай біледі. Жаңақорған ауданының өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына, жетекшілік ететін саласы бойынша Жаңақорған кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын дамытуға барынша үлес қосып келеді.

Соңғы 3 жылда 8 әлеуметтік нысандар салынып, аудан аумағындағы елді мекендерді таза сумен қамтамасыз ету мақсатында да біршама жобалар жасалып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Маханбет Патима Шаймерденқызы – «Нұр Отан» партиясы» Шиелі аудандық филиалы ҚБ төрағасының бірінші орынбасары

П.Маханбет «Нұр Отан» партиясы Шиелі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, партияның белсенді мүшесі, Елбасының Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында Шиелі кентінен құны 30 млн. теңге болатын мал сою және бордақылау пунктінің құрал-жабдықтарына «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-нан 10,5 млн теңге қаржы несие алып, қалған 20 млн теңге өз қаражатынан қаралып, мал сою және бордақылау пунктін ашып, қарамағында 40-қа жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыған.

Мырзамұратова Нұржамал Ахметқалиқызы – «Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ директоры

Н.Мырзамұратова мәдени саланы және қоғамды ақпараттандырудың жаңа талабына сәйкес облыс кітапханаларының дамуына ерекше үлес қосып келеді. Кітапханаға келушілердің сұраныстарын қанағаттандыруда қызмет көрсетудің жаңа инновациялық түрлерін пайдалануға, заманауи талаптарға сәйкес ақпараттық қызмет көрсетуге барынша ықпал етуде.

2015 жылдан БҰҰ және ҚР Үкіметінің «Қызылорда облысы тұрғындарының, соның ішінде әлжуаз топтар өкілдерінің әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсарту» атты бірлескен бағдарламасы аясында «Шаңырақ» интеллект-орталығы өз жұмысын бастады.

Өтегенова Балшекер Сұлтанбекқызы – «Сырдария аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ басшысы

Б.Өтегенова ауданның әлеуметтік қорғау жүйесін басқару қызметінде халықтың аз қамтылған тұрмысы төмен топтармен және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының ауданда қарқынды іске асуына мол тәжірибесі мен іскерлігін жұмсап келеді.

2008 жылы Лондон қаласында «Муниципалдық билік органдары – дамуы және келешегі» тақырыбында біліктілігін арттырған. 2013 жылы «Әлеуметтік-еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы – «Асар» ЖШС директоры, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты

Қ.Сақтағанов басшылық ететін серіктестік қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы ең ірі құрылыс мекемелерінің бірі болып саналады. «Асар» ЖШС денсаулық сақтау, білім, мәдениет, тұрғын үйлердің ірі объектілерін, сауда объектілерін салып, жоғары сапада пайдалануға берді.

Қ.Сақтағанов құрылыс, кәсіпкерлік саласындағы еселі еңбегі арқылы облысымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына өзіндік үлесін қосып келеді. Қалалық мәслихат депутаты ретінде қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып, ардагерлерге, мүгедектерге, соқырлар қоғамына қайырымдылық жасап, білім беру ұйымдарына да демеушілік көрсетуде.

Үрістембеков Бидас – «К. Рүстембеков атындағы жыраулар үйі» директорының орынбасары, Қармақшы ауданы

Б.Үрістембеков облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеде өткізілген мәдени-көпшілік іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, аймақтың мәдени-рухани дамуында өзіндік қолтаңба қалыптастырды. Репертуарында «Қобыланды» жыры, «Көрұғлы» дастаны, Шораяқтың Омарының «Сәдуақас пен Сахи», Жиенбайдың «Кедей» қиссасы, Балқы Базардың, Тұрмағамбеттің, т.б. ақын-жыраулардың терме-толғаулары бар.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, 2015 жылы «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы – «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Жалағаш ауданы

И.Шағыртаев басқаратын «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандағы озат шаруашылықтардың қатарында. Шаруашылық жылма-жыл жүлделі орындарға ие болып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. 2014 жылы облыс бойынша алғаш рет болып 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп дақылын егіп, мол өнім алды.

Сонымен қатар, И. Шағыртаев Таң ауылын абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысып, түрлі мәдени-көпшілік, спорттық шараларға демеушілік жасап келеді.

Ауыл орталығын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 2 канал қаздырып, 1400 метр жерге қоршау жұмыстарын жүргізген.

Ысқақова Райхан Құсайынқызы – «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ басшысының орынбасары

Р.Ысқақова жоспарлы экономиканың кезеңдерінде қаржы жүйесін қалыптастыруда және облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосуда.

Соңғы 3 жылда бюджет қоржынының 36 млрд. теңгеге өсуіне атсалысып, нәтижесінде көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешімін тапты.

«Қаржы қызметінің үздігі» және «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен марапатталған.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН

Ахметова Рахима Қаржаубайқызы – «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары, Қызылорда қаласы

Р.Ахметова ұйымдастырушылық қабілетімен, мол тәжірибесімен облыстағы әйелдердің мәртебесі, ролін көтеруде белсенді үлес қосып келеді.

Р.Ахметова әйелдерге байланысты мемлекеттік саясат мәселелерін алға қоюда халықаралық ұйымдармен (SIDA, SALA, ОБСЕ) әрдайым әріптестікте. Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер жөніндегі комиссия гендерлік тепе-теңдік жобасының бастамашысы болып, бұл жоба облыста Халықаралық даму және ынтымақтастық Швециялық басқармасының қолдауымен жүзеге асырылды.

Бұрханова Орынкүл Балтабайқызы – «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» МКҚК бас режиссері

О.Бұрханова кәсіби біліктілігі, тың шығармашылық ізденістері арқасында Орынбор, Алматы, Астана, Өскемен, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе облыстарындағы Қызылорда облысының мәдениеті мен өнер күндерінің жоғары деңгейде өтуіне зор еңбек сіңірді.

2012 жылы Мәскеу мәдениет және өнер қызметкерлерін қайта даярлау академиясының режиссерлік курсынан өтіп, оның есімі ТМД елдері арасындағы халықаралық «Лучшие люди» энциклопедиясына енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫМЕН

Кәрібозұлы Бағдат – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ директоры

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі Бағдат Кәрібозұлы білім-ғылым саласындағы ұстаздық қызметінде 2 ғылым кандидатын, 30 магистр дайындап шығарды. «Сырдария» кітапханасының 200 томын шығарумен айналысып, аяқтады.

Бағдат Кәрібозұлы «Құрмет» орденінің және «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ шығармашылық бірлестігінің медальдары мен «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН

Жұмабаева Ләззат Қасымқызы – «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат-үйі» КММ шаруашылық аяжаны

Л.Жұмабаева арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес қарттар үйінде берілетін тұрғын үй орынжайлардың жай-күйі, олардың жайлылығы, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етіп қоймай, қызмет алушылармен араласа отырып, 6 қызмет алушыға жанұя болуға қол ұшын берді.

Доскарин Бүркіт Тоққожаұлы – «ҚОР» мұнай компаниясы» АҚ орталық инженер-техникалық қызметінің басшысы

Б.Доскарин атқарып жүрген қызметі барысында өзін сауатты және білікті маман екендігін көрсетті. Қазіргі күннің талаптарына сәйкес ұйымдастырушылық, іскерлік қасиеттері бар, өзіне талапшыл, өзінің кәсіби деңгейін үнемі көтеруге көп көңіл бөледі. Қызметтік міндеттеріне, берілген тапсырмаларға адал және тиянақты.

Б.Доскарин кен орны жұмысын ұйымдастыру және басқару барысында жоғары кәсіби біліктілік танытып, белсенділігі мен іскерлігін көрсетіп келеді.

Жетесәлі Мұратбай Өтемісұлы – «Сыр Маржаны» ЖШС бас агрономы, Қазалы ауданы

М.Жетесәлі ауыспалы егістіктегі дақылдарды кезектестірудің бірыңғай жүйесін сақтай отырып, 2014 жылы егілген 2100 га жердің әр гектарынан орташа 40 ц өнім алынса, биыл 45 ц өнім алынды.

Шаруашылық Мұратбай Өтемісұлының бастамасымен 2014 жылы күріш тұқымынан қызыл дән айыратын талшықты-оптикалық фотосепараторын сатып алу бойынша жұмыс жасап, қызыл дәннің мөлшері 10 есеге дейін азайып отыр.

Жұбекешов Мейрам Үснадинұлы – «Мелиоратор» ЖШС бас инженері, Қызылорда қаласы

Мейрам Үснадинұлының жемісті келіссөздерінің нәтижесінде серіктестік ресейлік және беларусьтік ірі машина жасау кәсіпорындарының өнімдері – самосвалдар, бульдозерлер, экскаваторлар, өзге де техникалық құралдарын тиімді бағалармен сатып алуға қол жеткізілді.

Қызылорда халқының жайлы демалыс орнына айналған жағажайға және «Арай» спорттық ойын-сауық кешені» құрылысының бой көтеруіне өзіндік үлесін қосты.

Қазіргі уақытта Жаңақорған ауданында цемент зауытын салу мақсатында келіссөздер жүргізуге белсене қатысуда.

Кененбаев Аманкелди – суретші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі

А.Кененбаев – Әлем халықтары өнер ассоциациясының еңбек сіңірген суретшісі. 2007 жылы Англияда өткен «Қазақстанның жаңа өнері» көрмесіне, 2012 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен «Жер. Уақыт. Адамдар» атты халықаралық көрмесіне қатысып, жоғары марапаты «Алтын қыран» медалін иеленді. Бүгінгі күні суретшінің жұмыстары Жапонияның Токио қаласында өтіп жатқан көрмеге қатысуда.

А.Кененбаев Францияның Париж қаласындағы М.Шоқай ескерткіш-бюстінің (қола, 2010 ж.), Қызылорда қаласындағы «Сыр бойы батырлары» мүсіндік композиция (қола, 2005 ж.), Жанқожа батыр ескерткіші (қола, 2014 ж.), Ә.Тәжібаевтың бюсті (гранит, 2015 ж.), т.б. көптеген монументальды-мүсіндік туындылардың авторы.

Құлымбетов Әбділғазиз Құлмаханұлы – «Қызылорда су жүйесі» МКК апаттық-диспетчер қызметінің слесарі

Ә.Құлымбетовтің Қызылорда қаласындағы су құбыры, кәріз жүйесі шаруашылығында атқарған еңбегі ерекше.

Ағымдағы жылы 720 мм және 560 мм диаметрлі құбырларының жарылыстарын жою жұмыстарына Ә. Құлымбетов белсене кірісіп, диаметрі 300 мм, 200 мм, 100 мм кәріз су құбырлары бойынша 38-не жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Өтебаев Пернебай Қыдырұлы – «Қызылқұм» ЖШС «Хорасан-1» кеніші директорының орынбасары, Жаңақорған ауданы

П.Өтебаев қызмет атқаратын серіктестік аудан халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына көмек қолын созып, көптеген қайырымдылық шараларға белсене қатысуды дағдыға айналдырған.

«Байкен-U» ЖШС «Хорасан-1» кеніші бастығының жалпы істері жөніндегі орынбасары қызметінде П. Өтебаев өндіріс базасын нығайтуға, жаңа техникалар мен қондырғыларды игеруге, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруда белсенділік танытып, өндіріс саласын дамытуға өз үлесін қосты. Уран өндіруде химиялық реагенттерді қауіпсіз және уақытылы жеткізуді жоғары деңгейде ұйымдастырады.

Подольских Александр Николаевич – Ы. Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері

Александр Николаевичтің жетекшілігімен күріш өсімдігі ресурсының мың жарымнан астам үлгісін жинақтаған Ұлттық коллекция жасақталды. Ол бірнеше күріш сортының авторы және соавторы.

Садуақасов Бекболат Акиұлы – «№ 262 мектеп-гимназиясы» КММ директоры, Арал ауданы

Б.Садуақасов басшылық ететін мектеп түлектері өткен оқу жылының қорытындысы бойынша 20 оқушы мемлекеттік грантының иегері, Ж.Разақова Мәскеу ғылыми ұлттық зерттеу университетінің грантын, 12 оқушы «Серпін» бағдарламасының грантын иеленді. 2 «Алтын белгі» иегерлері Ә.Құлманова мен Ж.Қапанова - мектеп мақтаныштары, ұстаздар сенімін ақтады.

Толоконников Владимир Петрович – «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» ҚБ Қызылорда облыстық филиалының директоры

Этникааралық толеранттық пен қоғамдық келісімді сақтауға, бірлік пен ынтымақты дамытуға, облыс жастары арасында қазақстандық патриотизмді насихаттауға үлес қосып келеді.

Хван Вадим – «№ 1 Қызылорда қалалық емханасы» МКК дәрігер-невропатологы

В.Хван №1 қалалық емханада невропатолог маманы болып 1988 жылдан бері жұмыс атқарады. I санаттағы дәрігер.

Емхананың неврология кабинетінің негізгі көрсеткіштері соңғы 3 жылда жақсарып келеді. Диспансерлік есепте 250 науқас тұрса, олардың барлығы дерлік тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Жүйке жүйесінің ауруларымен мүгедектікке шыққан науқастарды дер кезінде емдеп, диагностикалаудың нәтижесінде жұмысқа қайта қосылу көрсеткіші 2012 жылы – 4, 2015 жылы 8 есеге жақсарған.

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыс мәслихатының шешіміне сәйкес «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫ

Бишімбаев Уәлихан Қозыкеұлы – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, т.ғ.д., профессор

У.Бишімбаевтың Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалының өз алдына институт болып шаңырақ көтеруіне қосқан үлесі ерекше. Оның бастамасымен жоғары, орта арнаулы оқу орындарында мамандар дайындау жұмысының сапасын арттыру мақсатында Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты болып қайта құрылды.

У.Бишімбаевтың ғылыми жетекшілігімен 12 докторлық және 30 кандидаттық диссертация қорғалды. 12 монографияның, 29 оқулықтың, елімізде және шетелде жарияланған 800-ден аса ғылыми мақалалардың авторы, 130-дан аса авторлық куәліктерге, патенттерге және инновациялық патенттерге ие.

ҚР Президентінің Жарлығымен Ұлттық Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы **Нұрлан Қашақбайұлы Пірімов "Құрмет" орденімен** марапатталды.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1. Анықтама үшін телефондары: 8(7242) 605547, факс 8 (7242) 605441 info@usx.orda.gov.kz «Б» корпусы уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің 2016 жылдың 8 сәуіріне дейін бала күтіміне арналған демалыс уақытында (D-O-4 санаты №01-7-2, 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарманың мемлекеттік органдарда құқықтық қамтамасыз ету тиімділігі бағалауға мониторинг жүргізеді.

Басқарманың нормативтік құқықтық актілерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ресімделуіне жауапты болады. Бұйрықтарды, ережелерді, жарғыларды, шарттарды, келісімдерді, құқықтық тәртіптегі өзге де құжаттарды дайындауға қатысады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарын (жылдық жоспар, есептерін тапсыру) ұйымдастырады және өткізеді, тиісті орындаушылармен мемлекеттік сатып алу шарттарын әзірлейді. Басқарма қарамағындағы ұйымдарына құқықтық және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

Сотта және өзге де органдарда белгіленген тәртіп бойынша басқарманың мүддесін білдіреді. Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою және азаматтардың құқықтық тәрбиесін жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өз құзыреті шеңберінде басқарма қарамағындағы ұйымдардың және ведомстволардың қызметтерін үйлестіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі» іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, осыған байланысты тиісті мәліметтерді мерзімінде тапсыру.

Өз құзыретінің шектеуінде басқарма басшысына қол қоюға ұсынылатын құжаттарға бұрыштама мен қол қою.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарын (жылдық жоспар, есептерін тапсыру) ұйымдастырады және өткізеді, тиісті орындаушылармен мемлекеттік сатып алу шарттарын әзірлейді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе мемлекеттік және жергілікті басқару немесе менеджмент) немесе құқық (құқықтану) мамандығы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, менеджмент), құқық (құқықтану) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Егіншілік және өсімдік қорғау бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің 2016 жылдың 10 ақпанға дейін жалақысы сақталмайтын демалыс уақытында (D-O-4 санаты №01-2-4, 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Еңбек тәртібін бұзбау, берілген тапсырманы уақытылы және өз дәрежесінде орындайды; Өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға қатысты ұсыныстарды бөлім басшысының қарауына енгізеді; Ауыл шаруашылығын механизациялау саласына қатысты ұсыныстарды бөлім басшысының қарауына енгізеді;

Әр жылдың 1 қаңтарына ауыл шаруашылығы техникаларының есебін шығарады; Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асырады; Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алу және тіркеуді жүсеге асырады; Ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шаралар қабылдайды; Ауыл шаруашылығы техникаларының қажеттілігін анықтайды;Балансын шығарады; Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің машина-трактор паркін жаңа техникалармен толықтыру жұмыстарын ұйымдастырады;

Сервистік қызмет көрсету орталықтары мен машина технологиялық стансаларды ашу жұмыстарын үйлестіреді; Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығы жөнінде ақпарат беріп отырады; Көктемгі егіс және күзгі егін жинау дала жұмыстарына қажетті жанар жағар-майдың есебін шығару және ЖЖМ жеткізуші операторлармен жұмыс жүргізеді;

Бюджеттік бағдарламаларға сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар материалдық құндылықтардың құнын субсидиялауды жүзеге асырады;

Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіруді субсидиялауды жүзеге асырады; Жеміс жидек және жүзімнің көпжылдық екпелерінің алқабын ұлғайту бағытында оларды отырғызуды және өсіруді ұйымдастырады; Жеміс жидек және жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге кететін шығындардың құнын субсидиялауды ұйымдастырады;

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Ауыл шаруашылығы ғылымдары (агрономия немесе аграрлық техника және технология немесе топырақтану және агрохимия немесе жерді мелиорациялау, баптау және қорғау немесе өсімдік қорғау және карантин немесе зоотехник) мамандығы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдын кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (агрономия, ауыл шаруашылығын механикаландыру, өсімдік шаруашылығы) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің 2016 жылдың 1 тамызына дейін бала күтіміне арналған демалыс уақытында (D-O-4 санаты №01-8-2, 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну; Азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарының мониторингін жүргізеді; Әкімшілік-аумақтың бірліктің азық-түлікпен қамтамасыз етілу теңгерімін жасайды;

Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде сатып алу және тауар интервенцияларын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорының жаңартылуын жүргізу туралы шешім қабылдайды; Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдардан қызметтер сатып-алуды жүзеге асырады;

Облыстық ауылшараушылық тауар өндірушілеріне қажетті облыста өндірілетін тауарлардың сырт жерлердегі бағаларын білу, оған талдау жасау, ол туралы тауар өндірушілеріне дер кезінде хабарлап отыру; «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету мақсатында ауыл тұрғындарына шағын несие беру жұмыстарын ұйымдастыру; Ауылдық жерлердегі шағын несиелік ұйымдардың іс-әрекетін жинақтап, ай сайын мәлімет беріп отыру;

Конкурстың ұйымдастырылуын және өткізу тәртібін, микроқаржы ұйымдарын іріктеуді, кредит ресурстарын беруді, сондай-ақ олардың осы бағыт шеңберіндегі бөлінген кредит ресурстарын мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізу; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 665 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларын реттеу мәселелері және оларға шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу туралы» қаулысына сәйкес облыс бойынша тоқсан сайын шекті баға мөлшерін анықтап, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне тоқсан сайын мәлімет ұсыну. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 18.07.2011 жылғы № 92-ө өкімімен бекітілген «Нарықтық механизмдерді қолдана отырып,азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешенінің» орындалуы бойынша Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігіне тоқсан сайын ақпарат ұсыну. Азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жасап,қолданып жатқан шаралар жөнінде Қазақстан Республикасының Президент әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңсесіне ақпарат беріп отыру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Ауыл шаруашылығы ғылымдары (агрономия) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, маркетинг, статистика, мемлекеттік және жергілікті басқару) мамандығы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдын кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (агрономия) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, маркетинг, статистика) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з 211 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з 208 бөлмеде әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4-санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

***

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-58, 8 /7242/ 70-54-87, факс 8 /7242/ 70-54-87 oblkasipkerlik@korda.gov.kz, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру бөлімінің бас маманы (D-O-4 санаты - 1 бірлік). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімдігі қаулыларының және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын және басқарма басшысының бұйрықтарының, хаттамалық тапсырмаларының және басқа да тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының бағыттары бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілерімен несие қарыздары/жаңа кредиттер/ лизингтік шарттар бойынша алынған несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау, кәсіпкерлердің несиесі бойынша ішінара кепілдендіру, «Өндірістік инфрақұрылымды дамыту» бағыттарына сәйкес ұсынылған жобалар құжаттарын экономиканың басым бағаттарына сәйкестігіне қарап, аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынады. Бағдарламаның «Жұмыс істеп тұрған бизнесті сервистік қолдау» бағыты өңірлік кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп, жыл сайын шарт жобасын әзірлейді. Ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жаңалығымен және ерекшеленетін кәсіпкерлер үшін гранттық қаржыландыру бойынша конкурс жариялау, өткізіп ұсынылған жобаларды конкурстық комиссия мүшесіне ұсынады. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру мақсатында екінші деңгейлі банктер, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қызылорда филиалымен бірге жұмыс жүргізеді. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты болады. Өз құзіреті шегінде бөлім басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды. Бөлім басшысы еңбек демалысында немесе іссапарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңамаларында көзделген жағдайларда жұмыс орнында болмаған жағдайда бөлім басшысының міндетін атқарады. Лауазымдық нұсқаулықта қаралған қызметтер аясында қосымша туындайтын басқа да жұмыстарды жүргізеді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Құқық (құқықтану) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (саясаттану, экономика, есеп және аудит, қаржы, әлемдік экономика) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі құқық (құқықтану) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, есеп және аудит, қаржы) мамандықтары бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат, немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі № 28, № 310 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №28, №311 кабинетте) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4-санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

2016 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енетін жаңа Еңбек кодексіне түсіндірме

Мемлекет басшысы белгілеген бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам (83 қадам еңбек қатынастарын ырықтандыру) Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде Министрлік Еңбек кодексін жобасын әзірледі.

Қабылданған жаңа кодексте бір жағынан жұмыс берушілер үшін белгілі бір көлемде жұмысқа жалдау, кадрлық көтеру, жұмыстан босату, қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді анықтау рәсімдері жеңілдетілді, екінші жағынан, қызметкерлердің базалық еңбек кепілдіктері мен құқықтары белгіленіп, оларды жеке, ұжымдық шарттар мен келісімдер арқылы кеңейту мүмкіндігі қарастырылды.

Осылайша, ұжымдық шарттар мен келісімдердің рөлі едәуір артуға тиіс. 2014 жылы қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» жаңа заңды ескере отырып, жаңа Кодекс қызметкерлердің құқығы мен мүдделерін қорғау, ұжымдық келіссөздер жүргізу мәселелерінде кәсіподақтарды (қызметкерлер өкілдерін) ынталандыруға бағытталған.

Еңбек кодексінің негізгі жаңалықтары мыналар:

Ағымдағы жылғы 5 қарашада ҚР Парламентінің Сенаты жаңа Еңбек кодексінің жобасын қабылдады.

ҚР Еңбек кодексі 2016 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Жаңа ҚР Еңбек кодексі 5 бөлім, 23 тарау 204 баптан тұрады (қолданыстағы кодекс 6 бөлім, 40 тарау, 341 баптан тұрады).

Қызметкерлерді жалдау мәселелері

Жаңа Еңбек кодексі бойынша (30 бап) жұмыс берушінің еңбек шартын белгілі бір кезеңге (12 айдан кем болмайтын), сол сияқты белгісіз бір мерзімге де жасау құқығын беру ұсынылады.

Егер мерзімді еңбек шарты (бір жылға немесе одан астам) жасалған жағдайда жұмыс берушіге ол шартты қайта жасауға құқық беріледі, бірақ мұндай шартты сол мерзімге екі реттен аса қолдануға болмайды, одан кейін еңбек шарты белгісіз бір мерзімге жасалған болып саналады.

Анықтама:Қолданыстағы Кодекс бойынша 29 бапта еңбек шартының бірінші мерзімі аяқталғаннан кейін, ол автоматты түрде белгісіз бір уақытқа (мерзімге) ұзартылады.

Сонымен бірге, қолданыстағы Кодекстегідей еңбек шартын белгісіз бір уақытқа ұзарту мүмкіндігі қалдырылды.

Сынақ мерзіміне (36 бап) байланысты, жұмыс берушіге кез келген санаттағы азаматтарды жұмысқа қабылдаған кезде сынақ мерзімі туралы талап белгіленуі мүмкін. 18 жасқа толмаған тұлғаларды, жұмысқа алғаш рет кірген оқу орындарының түлектерін, мүгедектерді жұмысқа қабылдауға жұмыс берушіні ынталандыру қажеттілігінен туындап отыр, өйткені осы шектеулер олардың жұмысқа орналасуына кедергі болды, жұмыс беруші әдетте оларды жұмысқа алмайтын.

Жұмыскердің сынақ мерзімі кезеңіндегі жұмысы теріс нәтиже берген кезде жұмыс беруші оны жазбаша нысанда хабардар ете отырып еңбек шартын бұзу үшін негіз болған себептерді көрсете отырып оның еңбек шартын бұзуға құқылы.

Анықтама: Қолданыстағы Еңбек кодексінде:

(36-бап) Жұмысқа қабылдау кезінде:

- тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша жұмысқа қабылданатын адамдарға;- 18 жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш кіретін оқу орындарының түлектері, бірақ оларды бітірген күннен бастап бір жылдан кешікпей кіретін адамдарға;мүгедектерге сынақ мерзімі белгіленбейді.

- сондай-ақ егер ол сынақ мерзімінен өтпесе, онда оны жұмыс беруші сынақ мерзімі аяқталуына күнтізбелік жеті күн қалғаннан бастап қызметкерге жазбаша түрде ескертіледі.

Жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстыру (38 -47 бап)

Экономикадағы дағдарысты есепке ала отырып, еңбек шартының талаптарын өзгерту рәсімдерін жеңілдету нормалары қарастырылған. Енді жұмыс беруші қызметкерлердің санын қысқартудың орнына, толық емес жұмыс уақыты және басқа жұмысқа қызметкерлерді уақытша ауыстыру режимін енгізуі тіпті оңай болады.

Осыған байланысты мәжбүрлі тоқтап қалу жағдайларында қызметкерді ауыстыру тәртібі қайта қарастырылды.

Мысалға, жұмыс орындарын сақтап қалу мақсатында, тоқтап қалудың бүкіл кезеңіне (бір айдың орнына); өндірістік қажеттілік кезінде жылына (бір айдың орнына) үш айға дейінгі мерзімге уақытша ауыстыру мерзімін белгілеу ұсынылады. Өндірістің тоқтап қалу жағдайында тоқтап қалу кезеңіне жұмыскерді, оның денсаулығына зиян келтірмейтіндей етіп кез келген басқа бос жұмыс орнына оның келісімінсіз ауыстыруға жұмыс берушінің құқығы қарастырылған.

Сондай-ақ, тәуелді заңды тұлға шегінде еңбек қатынастарын тоқтатпай бір ұйымнан басқа ұйымға (іс-сапармен жіберу) ауыстыру құқығы қарастырылған. еңбек шартының тараптарының жазбаша келісімімен ғана іссапарға жіберуге жол беріледі. Іссапармен жіберілген жұмыскердің жұмыс орнын (лауазымы) іссапарға жіберген жұмыс беруші сақтайды.

Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері 52 бапқа сәйкес 25 жағдайда бұзылады. (Қолданыстағы Еңбек кодексінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша 19 жағдайда еңбек қатынасы тоқтатылады)

Еңбек кодексінде жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзудың қосымша негіздері мынадай жағдайларда қарастырылған:

52 баптың 1тармағының 3) тармақшасы- кәсіпорынның экономикалық жағдайын әлсіретуге алып келген өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің азаюы.

Жұмыс беруші еңбек шартын бұзғанда мынадай шарттарды сақтауы керек:

құрылымдық бөлімшенің жабылуы (цех, учаске);

қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда;

қызметкерлер өкілдерін еңбек шартын бұзу үшін негіз болған себептерді көрсете отырып кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерту (жұмыс берушінің экономикалық тұрғыдан өзгеруі мен еңбек шартын бұзу қажеттілігінің арасында тікелей байланыс болғанда).

Аталған жағдайда еңбек шартын бұзу кезінде, 131 бапқа сәйкес жұмыстан айрылуына байланысты екі айға орташа еңбекақы мөлшерінде өтемақы төлеу қарастырылған. (Қолданыстағы Еңбек кодексінде жалпы негізде қысқарту жағдайында тек бір айға өтемақы төлеу қарастырылған).

Бір ай ішінде қызметкерлер өкілдері (кәсіподақ немесе өкіл ретінде сайланған қызметкерлер) аталған негіздемені жұмыс берушінің заңды қолдануын заңдылығын тексереді. Бұл ретте жұмыс беруші еңбек шартын бұзуға үшін негіз болған себептерді көрсете отырып, ақпарат ұсынуға міндетті.

Бұдан басқа, егер еңбек және ұжымдық шарттарда хабарлаудың аса ұзақ мерзімі қарастырылмаса, жұмыс беруші он бес жұмыс күні бұрын қызметкерге еңбек шартын бұзатыны туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Тараптардың келісімі бойынша хабарлау мерзімі жұмыс жасалмаған мерзімге тең жалақы төлеумен алмастырылуы мүмкін. Хабарландыруда жұмыс беруші еңбек шартын бұзуға негіз болған себептерді көрсетуге міндетті.

Сондай-ақ, жұмыс беруші жұмыстан босату басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын жұмыс берушінің экономикалық жағдайын әлсіретуге алып келген өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің азаюына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны туралы ақпаратты жұмыспен қамту органдарына беруге міндетті. Онда босатылатын қызметкерлердің лауазымдары мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері, босатылуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары және олар босатылатын мерзімдер көрсетілуі керек.

Жұмыс берушіге жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы)тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыз немесе демалыстағы қызметкерлермен аталған негіз бойынша еңбек шарты бұзылмайды.

52 баптың 1тармағының 24) тармақшасы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлермен еңбек шартын тоқтатуға жұмыс берушінің құқығы қарастырылған, тоқтату тәртібі нақты реттелген.

Сонымен бірге, зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкермен еңбек шартын жыл сайын ұзарту мүмкіндігі бекітілген.

Бүгінгі күнде зейнеткерлік жасқа жету азаматтық қызметшілермен қатар мемлекеттік қызметшілермен және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерімен еңбек қатынастарын тоқтату үшін негіз болып табылады.

Аталған негізді қолдану, сондай-ақ, бір ай бұрын қызметкерге хабарлай және еңбек және ұжымдық шартпен және (немесе) жұмыс беруші актісімен анықталған мөлшерде оған өтемақы төлей отырып, еңбек шартын бұзу тәртібін сақтау бойынша жұмыс берушінің міндетін көздейді.

Анықтама: жалпы белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуге екі жылдан аз уақыт қалған қызметкерлермен еңбек шартын бұзуға мынадай негіздер бойынша жол берілмейді: қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту, аттестаттау нәтижелерімен расталған біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкердің атқарып жүрген лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуі; жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан құрылған комиссияның оң шешімінің болмауы.

52 баптың 1тармағының 5) тармақшасы- өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымда еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауап беретін қызметкердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау немесе өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша білімдерін тексеруден қайтадан өтпеуі.

Қазіргі таңда мемлекет кәсіпорындарында өндірістік жарақат алу жағдайларының көбеюіне, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын тиісті түрде бақыламауға байланысты бұл мәселе аса өзекті болып тұр.

Анықтама: жұмыс берушіге бекітілген тізім бойынша, еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды ЕҚжҚ мәселелері бойынша оқытуды және олардың білімдерін тексеруді үш жылда кемінде бір рет ұйымдастыруға жұмыс беруші міндетті.

ЕҚжҚ бойынша білімдерін тексеруден өтпеген тұлғалар соңғы өткізілген білімдерін тексеру күнінен бастап үш айдан кешіктірмей қайта тексеруден өтеді.

52 баптың 1тармағының 25) тармақшасы қызметкердің жұмыс берушіге белгісіз себептермен жұмыста бір айдан астам уақыт болмауы. Еңбек қатынастары саласында қалыптасқан тәжірибе жобаға осы негізді қосуға алып келді. Өкінішке орай, қызметкерлер жұмыс орындарын тастап, бұны тиісті түрде ресімдеуді қажет деп санамайтын жағдайлар орын алады. Жаңа негіз қызметкердің жұмыс берушіге белгісіз себептермен бір айдан астам уақыт жұмыста болмауы себепті еңбек шартын бұзған кезде іске анықтық енгізеді.

Осы негіз бойынша еңбек шартын бұзуға жұмыс беруші хабарландыру қоса берілген хаттың жоқтығы туралы актіні қызметкерге жіберген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қызметкердің жұмыста болмау себептері жайлы ақпарат бермеген жағдайда жол беріледі.

Еңбекке ақы төлеу (107-110 бап)

Еңбекке ақы төлеу мәселелерінде мемлекет бұрынғыдай айлық және сағаттық жалақының ең аз мөлшеріне, мерзімінен тыс және түнгі уақыттағы жұмыс үшін төлемге, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін төлемге кепілдік беретін болады.

Жаңа Еңбек кодексінде жұмыс беруші ұжымдық шартты жасау арқылы қызметкерлер өкілдерінің бастамасымен немесе жұмыс беруші актілерін қабылдау арқылы қызметкерлер жалақысының түрін, жүйесін және мөлшерін таңдау мәселесін шешу көзделген.

Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу бөлігіндегі нормалардың маңыздылығына байланысты еңбек және ұжымдық шартқа сәйкес оны көбейту құқығымен қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне сүйене отырып, мерзімінен тыс уақыттағы, мереке және демалыс күндеріндегі және түнгі уақыттағы еңбегіне бір жарым мөлшерден кем емес ақы төлеудің бірыңғай жүйеленген мөлшерін белгілеу туралы ұсынысы қолдады.

Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес 203 бап бойынша -

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыруына қатысты жаңа Еңбек кодексінде кәсіподақтар ұсынған қызметкерлер қатарынан техникалық инспекторлар институтын енгізу және жұмыс беруші үшін оның шешімі міндетті болады деген шартпен тең құқықты кәсіпорындарда Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес құру қарастырылған.

Осылайша, еңбекті қорғау бойынша қоғамдық инспекторлар институтын алып тастау ұсынылды, себебі ол қызмет ету уақыты ішінде еңбек құқықтарын қамтамасыз етуде қызметкерлердің толыққанды қорғаушысы бола алмады. Ол мәртебесімен өкілеттігін қызметкерлердің өздері күшейтетін техникалық инспекторлармен алмастырылды.

Ұжымдық шарт (156-158 бап)

Жаңа кодексте ұжымдық-шарттық сипатын ескере отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте еңбек саласындағы құқық бұзушылық жасағаны үшін, соның ішінде ұжымдық шартты жасау бойынша заңнама талаптарын бұзғаны; еңбек шартынсыз адамдарды жұмысқа тартқаны; еңбекақы төлеу бойынша талаптарды бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін арттыру ұсынылып отыр.

Жаңа Еңбек кодексі, жалпы алғанда, бірқатар мәселелерді құқықтық реттеуді жақсартады, қолданыстағы еңбек заңнамасында орын алған кейбір кемшіліктерді жояды, жаңа құқықтық институттарды енгізеді және қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін құқықтық құралдардың толық жиынын құрайды.

Н.ЖОЛДАСБАЕВ,
Қызылорда облысы бойынша
Бас мемлекеттік еңбек инспекторы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ҚЫЗЫЛОРДА ФИЛИАЛЫ №10 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ
2015 жылғы 11 желтоқсан

2015 жылдың қазан айындағы қаржы нарығының ағымдағы жағдайы туралы

Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми мәліметтері бойынша 2015 жылдың қазан айында 2015 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда Қызылорда облысындағы тұтыну бағаларының индексі 105,1%-ды құрады. Азық-түлік тауарлары бағасының индексі 103,7%-ды, азық – түлік емес тауарлары бағасының индексі – 111,8%-ды, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер бағасының индексі 100,5%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген мониторинг қорытындысы

Облыс экономикасының нақты секторындағы жағдайды бағалау мақсатында (2015 жылдың 3 тоқсаны қорытындысы бойынша) 2015 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалымен экономиканың нақты секторына мониторинг жүргізілді. Іріктеудің репрезентативтілігін жақсарту үшін (салалық құрылымын ескергенде) мониторингке жаңа респонденттерді тарту бойынша жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде мониторингке 202 кәсіпорын, оның ішінде 114 – ірі және орта кәсіпорындар қатысты.

2015 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындарға жүргізілген ониторингтің қорытындысы бойынша кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі арта түсті: инвестицияларына өз қаражаттарын қолданған кәсіпорындар үлесі 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 46,5%-дан 65,8%-ға дейін артты, ал өз инвестицияларын қаржыландырмаған кәсіпорындар үлесі біршама кеміді (2015 ж. 2 тоқсанындағы 50,0%-дан 31,7%-ға дейін кеміді), сонымен қатар, банк несиелерін қолданған кәсіпорындар үлесі 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 4,0%-дан 3,5%-ға дейін азайды.

2015 жылдың 3 тоқсанында 90 күннен асқан мерзімі өткен кредиторлық қарыздары бар кәсіпорындардың үлесі 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 23,3%-дан 15,8%-ға дейін азайды. Сонымен қатар, 90 күннен асқан мерзімі өткен дебиторлық қарыздары бар кәсіпорындардың үлесі 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 24,8%-дан 22,3%-ға дейін азайды.

Шетел валютасында берілетін несиелердің орташа мерзімі ұзарды (2015 жылдың 2 тоқсанындағы 32,4 айдан 36 айға көбейді).

2015 жылдың 3 тоқсанында облыстың экономикасы бойынша ағымдағы өтімділік коэффициенті (ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелердің арақатынасы) өсті және 1,3-ды құрады. Нақты экономика секторы бойынша өтімділігі төмен кәсіпорындар үлесі (АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті) <1) 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 44,8%-дан 44,2%-ға дейін елеулі азайды.

2015 жылдың 3 тоқсанында нақты сектордың қаржылық жағдайы біршама жақсарды: жағдайы нашар және төмен рентабельді кәсіпорындар үлесі 2015 жылдың 2 тоқсанындағы 23,3%-дан 19,7%-ға дейін азайды, жоғары рентабельді кәсіпорындар үлесі 2015ж. 2 тоқсанындағы 32,6%-дан 37,3%-ға дейін артты.

Депозит нарығы

Облыстың банк жүйесіндегі жалпы депозиттер көлемі өткен 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18,1%-ға өсіп, 74530,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі – 24806,2 млн. теңгеге (2,6%-ға өсті), жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі – 49724,5 млн. теңгеге жетті (27,8 % өсті).

Шетел валютасындағы депозиттер көлемі өткен 2014 жылдың сәйкес кезеңіне 151,3%-ды немесе 49393,0 млн. теңгені құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 25137,7 млн. теңгеге жетті немесе 2014 жылдың сәйкес кезеңіне қатысты 83,6% құрады. Нәтижесінде 2014 жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 48,3%-дан 33,7%-ға төмендеді.

Бұрынғыдай халық жинақтарының басым бөлігі (99,8%) мерзімді салымдарға орналастырылған. 01.11.2015ж. деңгейіне өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда халықтың мерзімді салымдары 28,1%-ға 49608,4 млн. теңгеге дейін өсті.

01.11.2015ж. деңгейіне депозиттер бойынша орташа сыйақы мөлшері 4,8%-дан 4,9%-ға өсті, оның ішінде: жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 5,5%-дан 4,5%-ға азайды, ал заңды тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 3,7%-дан 5,8% - ға дейін жоғарылады.

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 2,1 п.т. 8,1 %-ға дейін өссе, шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 0,3 п.т. 3,3%-ға дейін төмендеді.

2015 жылдың 1 қараша деңгейіне несие нарығы

Облыс экономикасын банктермен несиелеудің жалпы көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,0 %-ға өсіп, 150 254,8 млн. теңгегені құрады.

Заңды тұлғалардың несиелері 55,8%-ға артып, 33 559,8 млн. теңгені, жеке тұлғалардың несиелері – 0,8 %-ға азайып, 116 695,0 млн. теңгені құрады. Жеке тұлғалар несиелерінің үлес салмағы 84,5%-дан 77,7%-ға азайды.

Ұлттық валютадағы несиелер көлемі есепті кезеңде 5,0 %-ға (143392,1 млн. теңгеге), шетел валютасында 2,6 есеге (6862,7 млн. теңгеге) ұлғайды. Ұлттық валютадағы несиелердің үлес салмағы 98,1 %-дан 95,4 %-ға азайды.

Ұзақ мерзімді несиелер есепті кезеңде 6,8 %-ға 140749,4 млн. теңгеге, қысқа мерзімді несиелер – 29,5%-ға 9505,4 млн. теңгеге өсті. Ұзақ мерзімді несиелердің үлес салмағы 94,7%-дан 93,7%-ға төмендеді.

01.11.2015 жыл деңгейіне шағын кәсіпкерлікті несиелеу көлемі 57,3%-ға 19770,6 млн. теңгеге өсіп, жалпы экономикаға берілген несиелер көлемінің 13,2 % құрады.

Салалар құрылымында несиелер бойынша қарыздардың басым бөлігі мына салалар үлесіне тиюде: олар сауда (6,1%), көлік және байланыс (5,9 %), өндіріс (4,5 %), құрылыс (4,6 %).

Несиелер бойынша мерзімі өткен қарыздар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ға азайып 10741,2 млн. теңгені құрады. Мерзімі өткен қарыздардың басым бөлігі, жеке тұлғалар үлесінде болып отыр 84,5%-ы (9072,6 млн.теңге).

2015 жылдың қазан айында берілген несиелер бойынша сыйақы ставкасы 16,8 %-ды құрады (2014 жылдың қазан айында – 18,4%), оның ішінде заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы несиелер бойынша – 15,9 % (2014 жылдың қазан айында – 12,3%), жеке тұлғалар бойынша – 17,4 % (20,2%). Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бойынша, өткен 2014 жылдың қазан айымен салыстырғанда, орташа сыйақы ставкасы 13,3 % -дан 15,9%-ға өсті.

Валюта нарығы

2015 жылдың 1 қараша деңгейіне Қызылорда облысы аумағында 60 айырбас пункттері, оның ішінде 46 – уәкілетті банктердің, 1 – Қызылорда ОФ АҚ Қазпочта айырбас пункті және 13 - уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері тіркелген.

2015 жылдың 10 айында облыс халқына 223789,2/112977,7 мың АҚШ доллары сатылып/сатып алынды. Осы көрсеткіш 2014 жылы 10 айда 260039,/78211,2 мың АҚШ долларын құраған. 2015 жылдың 10 айында АҚШ долларын орташа сату/сатып алу бағамы 206,9/209,00 теңгені құрады (2014 жылдың сәйкес кезеңінде – 179,91/179,89 теңге).

Европалық валютаны сату/сатып алудың жалпы көлемі осы кезең ішінде 4009,4/2576,5 мың евроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 241,67/234,53 теңге). 2014 жылдың осы кезеңінде сату/ сатып алу көлемі 7287,6/1994,2 мың Евроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 239,78/229,23 теңге).

Ресей рублін сату көлемі 1158081,5 мың ресей рублін, ал сатып алу көлемі 703301,2 мың ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 3,37/3,46 теңге). 2014 жылдың 10 айда ресей рублін сату/сатып алу көлемі 310199,9/1364742,9 мың ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 5,05/5,01 теңге).

Төлем карточкалары

2015 жылдың 1 қараша деңгейіне Қызылорда облысы бойынша төлем карточкаларын ұстаушылар саны 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6%-ға өсіп, 421,9 мың адамды құрап отыр, айналымға шығарылған төлем карточкаларының саны 6,2%-ға артып, 471,5 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкалары жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны 1170 (+50,6%) бірлік, банкоматтар 278 (-9,4%) бірлік, банктік киоскілер/төлем терминалдары 488 (+28,4%). Төлемге карточка қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 543 (+57,8%).

2015 жылдың қазан айында Қызылорда облысы аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма қол ақша беру операциялары 484,9 мың транзакцияға жетіп, жалпы сомасы 18 856,9 млн. теңгені құрады.

2015 жылдың қазан айында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген төлемдер көлемі 855,3 млн. теңгені құрады (2014 жылдың қазан айына қарағанда 23,8%-ға төмендеген) және де транзакциялар саны 2014 жылдың қазан айымен салыстырғанда 16,2%-ға азайып, 100,4 мың транзакцияны құрап отыр.

● АЛАШ АРЫСЫ

ҰЛТ МҮДДЕСІН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА



Бүкіл түркі әлеміне аты мәшһүр, аса көрнекті қоғам қайраткері, өзінің бар саналы ғұмырын түркі тектес халықтардың азаттығына арнаған Мұстафа Шоқай артына мол мұра қалдырды. Тоғыз тілде жазылған 900-ден астам еңбегінің негізгі өзегі – сол кездері Түркістан аймағын мекен еткен түрлі халықтың мұң-мүддесі, асыл арманы, сан түрлі идеялары еді. М.Шоқай өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақ мемлекеттігінің даму мақсатын тұжырымдап берді, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті. Алаш идеяларын дамытып, түркі тектес халықтардың мемлекеттілігі, тәуелсіз ел ретінде өмір сүруі, сыртқы саясаты жөнінде соны, бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған ой-пікірлер қалдырды.

Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған Алаш арысы өзінің туған жерінен айрылып, өмірінің соңғы жылдарын жат жерде өткізді, тар шеңбердегі ұлтшылдыққа ешқашан бой алдырмады. Саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың туғанына 125 жыл толуына орай М.Шоқай атындағы №187 орта мектепте қалалық білім басқармасы, "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қорқыт ата университеті, облыстық "Дарын" ғылыми-тәжірибелік орталығы және облыстық филармонияның бірлескен "Мұстафа Шоқай – түркі әлемінің алыбы" атты аймақтық ғылыми жоба байқауы, ғылыми-тәжірибелік конференциясы және патриоттар акциясы болып өтті.

– Бұл шара негізінен онкүндік болып белгіленді,– деді мектеп директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айгүл Мұсабаева. – Бұл жоспарланған іс-шаралар барысында оқушылар қалалық мұражайға, М.Шоқайдың туған жері Сұлутөбе ауылына барып, Алаш арысының мұражайымен танысып қайтты. Сондай-ақ, олар Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап кітапханамен бірлескен жылжымалы кітап көрмесін, М.Шоқайдың өмірінен қойылған сахналық көріністі тамашалады. Алаш қайраткерінің еңбектері бойынша эссе, мақала, шығарма жазу және қабырға газеттерінің байқауы, ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

М.Шоқайдың саяси қызметі сан қырлы ғылыми жұмыстармен астасып жатыр. Оның қай еңбегі болса да, айтатын ойының бұлтартпас дәлдігі, өткірлігі, өз пікірін жеткізудегі түйіндеудегі шеберлігі талайларды тәнті еткен. Оның бұл шеберлігі қай тілде жазса да айқын көрінген. Демек, ол аса көрнекті көсемсөз шебері. Осы орайда облыстық білім басқармасы "Дарын" ғылыми-тәжірибелік орталығымен бірлесе отырып, 9-10 сынып оқушылары арасында ғылыми-жоба байқауын өткізді. Оған облыс бойынша 90 ғылыми жоба қабылданып, қазылар алқасының сараптамасымен 36 оқушыға жүлделі орындар берілді.

Онкүндік барысында қалалық білім бөлімі мен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың "Қазақстан тарихы, әлеуметтану және саясаттану" кафедрасының профессор-оқытушыларының ғылыми жетекшілігі негізінде облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Қала ұстаздарының ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұсынылған мақалалары жинақталып, ең алғаш рет ғылыми жинақ болып басылып шығарылды. М.Шоқайдың мерейлі мерейтойы қарсаңында "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының "Хабаршы" ғылыми-әдістемелік журналының бір нөмірін де Алаш арысының атындағы мектепке арнады.

Күллі түркі әлемінің жанашыры, мемлекет қайраткері, саясаттанушы, ұлт мақтанышына айналған тәуелсіздік күрескеріне арналған онкүндік қорытындысында оның атындағы мектеп фойесінде демеушілердің көмегімен тарихи-танымдық бұрыш жасалды. Мұнда танымал тарихшы, мұстафатанушы Көшім Есмағанбетовтің Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін мұрат еткен аса көрнекті саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың өмірінен сыр шертетін, төрт тілде басылып шыққан он екі томдық жинағы, Германияның Кельн қаласындағы мұсылмандар зиратындағы М.Шоқай бейітінен әкелінген топырақ, Париж қаласындағы М.Шоқай атындағы қазақ-француз достығы ассоциясының басшысы Яшар Дништің Қызылорда облысына сыйға тартқан Эйфель мұнарасы, кәде сыйы қойылған. Жалынды публицист, халықаралық сарапшы Мұстафа Шоқайға арналған танымдық бұрыштың тұсаукесерін "Мұстафа Шоқай" қорының президенті Базарбай Атабаев пен білім саласының ардагері Ханзада Құнанқараев ашты. Алаш қайраткерінің 125 жылдық мерейтойы аясында өткен салтанатты кеште сөйлеген ғалымдар мен ардагерлер, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері өз заманынан озып туған ойшыл жанның күллі түркі әлеміне жасаған өлшеусіз еңбегі жайлы айта келіп, Мұстафа Шоқайды еске алу жолдары жайлы ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Онкүндік іс-шара барысында Мұстафа рухына ас беріліп, Құран бағышталды. Өткізілген шаралар қорытындысында жақсы нәтиже көрсеткен бірқатар ұстаздар қала әкімінің, қалалық білім бөлімінің, "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының, облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

Құрметті Сыр жұртшылығы және қонақтары!

Ел өміріндегі ең басты ұлттық мейрам – Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған ыстық ықыласқа толы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Осыдан жиырма төрт жыл бұрын әлем картасында жаңа тұрпаттағы егемен мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болған еді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп келе жатқан дана да дара көрегендік саясатының арқасында төрткүл дүние қазақстандық қоғамның сенімді әрі қарқынды қадаммен алға ілгерілеуінің және табысты өткізілген кең ауқымды реформалар мен жаңаша түлеп-жаңарулардың куәсі болды.

Қазақстан мен Қытай қазіргі кезде индустрияландыру, инвестициялар тарту саласында және «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының, «Жібек жолының экономикалық белдеуі» Қытай бастамасының аясында көлемді бірлескен жұмыстарды жүзеге асыруда.

Ойдағыдай дамып-өркендеп келе жатқан тығыз ынтымақтастықтың жарқын үлгісі ретінде «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясын айтуға болар еді. Компания өңірдің және республиканың экономикалық тұрғыдан өсіп-өрлеуін қолдап отыруға өз үлесін қосты және бұл үрдісті одан әрі де сабақтастылықпен жалғастыра бермек.

Құрметті қызылордалықтар! Осы айтулы күнде баршаларыңызға мықты денсаулық пен молшылық, жақсылық пен бақыт, татулық пен береке, күн сайынғы міндеттерді шешуде қажырлылық танытып, жеңістерге жете берулеріңізге, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі жолында атқарып келе жатқан барлық істеріңіз бен қолға алған бастамаларыңызға толағай табыстар тілеймін.

Ең ізгі тілектермен, «ПҚҚР» АҚ Басқарма Төрағасы Цинь Хунвэй.

Құрметті қызылордалықтар!

«Қазгермұнай» БК» ЖШС Басқармасының атынан Сіздерді еліміздің мерейлі мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтаймыз!

Осыдан 24 жыл бұрын дәл осы күні әлем елдері қатарына Қазақстан Республикасы атты тәуелсіз мемлекет қосылды. Ел еркіндігі бастау алған осы мереке азаттығымыздың айшықты символы саналады. Қысқа тарихи уақыт ішінде Қазақстан жұрты ауызбіріліктің арқасында талай белестерді бағындырды. Демократиялық, құқықтық мемлекет қалыптастырып, әлемдік қауымдастықтың қатарына қосты.

Біз алдағы уақытта да компанияның жоспарлары мен мақсат-міндеттеріне орай аймақ пен ел дамуындағы өзекті мәселелерді бірлесе шешіп, Мемлекет басшысының ел тұрмысын жақсарта берудегі тапсырмасын орындау арқылы Қазақстанның гүлденуіне үлес қоса береміз.

Мерекеге орай «Қазгермұнай» БК» ЖШС ұжымы барша Сыр жұртына зор денсаулық, шаңырақтың шаттығын, тыныштық пен табыс тілейді. Тәуелсіз Қазақстан өркендей берсін!

Құрметпен,
«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры Жэнь Лисинь.
«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Кәрім Медет.

● СПОРТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ КУБОГЫ

Жалағаш ауданында ҚР Тәуелсіздік күніне орай, аудан әкімі кубогы үшін БАҚ өкілдері арасында футболдан турнир ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға және әріптестік байланысты нығайтуға бағытталған тунирге 8 команда қатысып, өзара бақ сынасты.

Ойынды "Қазақстан-Қызылорда" мен "Жас тілшілер" командасы ашып, 2:1 есебімен "Қазақстан-Қызылорда" жеңіске жетті. Ал "Сыр бойы" мен "Қоғам ТВ" командалары арасындағы тартысты бәсекеде 6:1 есебімен бас басылым жігіттерінен жасақталған команда алға шықты. Турнирде «Баспасөз», «Сыр медиа», «Меншікті тілшілер» командалары арасындағы бәсеке тартысты өтті.

Финалда "Жалағаш жаршысы" мен "Жас тілшілер" командасы 2:2 есебімен тең түсті. Ал аудан әкімінің кубогы жолында "Сыр бойы" мен "Баспасөз" командалары жолығып, 5:1 есебімен сырбойылықтар командасы жеңіске жетті.

Турнир қорытындысы бойынша, ІІІ және ІІ орындар "Жас тілшілер" мен "Баспасөз" командаларына бұйырса, І орын мен аудан әкімінің кубогына "Сыр бойы" командасы лайық деп танылды. Жеңімпаз командаларға дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, басқа да ойыншылар "Үздік шабуылшы", "Үздік қақпашы" және "Үздік ойыншы" номинацияларымен марапатталды. БАҚ өкілдері арасындағы тартысты бәсеке алдағы уақытта өз жалғасын табады.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ЗК-169/5 мекемесінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай, мерекелік шара ұйымдастырылды. Жазасын өтеушілерді қоғамдық ортаға бейімдеу мақсатында өткізілген шарада сөз алған мекеме басшысы Тасболат Қалымбетов көпшілікті мерейлі мерекесімен құттықтады.

– Біз ата-бабамыз аңсап өткен тәуелсіз мемлекетте күн кешіп жатқанымызды мақтан етуіміз қажет. Қазақтың басына біткен осы бақты қадірлей, қастерлей білейік. Бүгінгі мерейлі мерекелеріңіз баршаңызға құтты болсын. Барлығыңыз жазаларыңызды абыроймен өтеп, бостандыққа аман-есен шығуларыңызды тілеймін. Отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді Т.Қалымбетов.

Шара барысында облыстық филармония әншілері патриоттық әндер шырқап, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ, мереке қарсаңында жазасын өтеушілер де өз өнерлерін ортаға салды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52
телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: ***smjarnama@mail.ru***

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 22621
Тапсырыс № 1301

Электронды оқылым – 28000.

● АКЦИЯ

ЖЕҢІМПАЗДАР БАЙҚАУЫ

Тұтынушылар арасында салық мәдениетін көтеруді мақсат тұтқан «Чек талап ет – жүлде ұтып ал» акциясы өз мәресіне жетті. Ел аумағында 2015 жылдың 1 сәуірі мен 30 қарашасы аралығында өткізілген жалпы республикалық іс-шараның бастамашысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті болатын.

Қызылорда облыстық мемлекеттік кірістер департаменті жанынан құрылған тұрақты комиссия 8 ай бойы азаматтардың өз құқығын талап етудегі белсенділігін арттырудың қарқынын таразылады. Комиссия хабарлағандай, 2015 жылдың 1 желтоқсанына облыс бойынша сауда нүктелері мен қызмет көрсету орындарындағы бақылау-касса машиналарының чектеріне айырбасталған купон саны 51 мыңнан асқан. Акция жарияланған сәуір айында 1512 купон жиналса, акцияның соңғы айы – қарашада чекке айырбасталған купондар саны 7892-ні құрады. Бұл ай сайынғы ұтыстан үміттi жандардың саны өскенін көрсетеді. Әсіресе, Жаңақорған ауданы мен Қызылорда қаласының тұтынушылары жоғары белсенділік танытты.

Акцияның бірінші кезеңі аудандарда өтті. Аудандық басқармалар жанындағы комиссиялар әр ай сайын ұтыс өткізіп, жеңімпазды облысқа жолдап отырды. Ал облыстық департаменттің комиссиясы (екінші кезең) осымен сегізінші рет ай сайынғы ұтыс жеңімпазын анықтап отыр.

Сәуір айында Арал ауданының мектеп оқушысы Данияр Кемалов жеңіп, сыйлыққа теледидар алды. Мамыр айында жеңіске Қазалы ауданының мектеп оқушысы Ленара Нұрбек жетті, сыйлығы – ноутбук. Маусым айында Жалағаш кентінің тұрғыны Гүлмира Нұрмаханова жеңімпаз болды, сыйлығы – теледидар. Шілде айындағы ұтыс ойынының жүлдесі – ұялы телефон Жалағаш ауданының мектеп оқушысы Ғабит Аманжолға бұйырды. Тамыз айында Сырдария ауданының тұрғыны Жадыра Нұрмаханова жүлдеге теледидар алды. Қыркүйек айындағы акцияда Қазалы ауданының тұрғыны Айгүл Дүзбаева жеңіп, шаңсорғышқа ие болған-ды. Қазан айының ойынында Қармақшы ауданы Төретам кентінің тұрғыны Күміскүл Бақытжанова теледидар ұтып алды. Желтоқсанның басында өткізілген қараша айының ойынында Арал қаласының тұрғыны Сержан Қапанов акцияның нүктесін қойып, соңғы теледидарды қанжығасына байлады.

Акция ережесіне сәйкес, үшінші кезеңге Қызылордадан осы сегіз жеңімпаз да қатысатын болады. Республикалық ұтыс желтоқсан айының соңына дейін өткізілуі тиіс, жеңімпаз купондарды кездейсоқ ойнату жолымен жариялы түрде анықталатын болады.

Бақыт ОРДАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ
салық органдары қызметтерінің тізбесі артты

ХҚКО-лар салық органдарының бағыты бойынша пилоттық режимде тағы да 8 қызметті көрсетуді бастады. Бұған дейін орталықтар аталған ведомствоның 17 қызметін ұсынған болатын. Енді қызметтер тізбесі кеңейтілді және Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ХҚКО-ға берген қызметтер саны 25-ке келіп жетті.

Атап айтсақ, енді ХҚКО-ларға салық төлеушілерді тіркеу, салық төлеушіні тіркеу есебіне алу, ҚР-дағы көздерден алынған кірістер сомасы және ұсталынған (төленген) салықтар туралы анықтама, сондай-ақ ҚР резиденттігін растау және т.б. үшін жүгінуге болады.

Бұрын қазақстандықтар аталған қызметтерді ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарынан ғана ала алатын. Енді оларды мемлекеттік органдар және баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Қызметтерді ресімдеу үшін ХҚКО-ға дүйсенбіден бастап сенбіні қоса, түскі үзіліссіз таңғы сағат 9.00-ден бастап кешкі сағат 20.00-ге дейін жүгінуге болады.

«ХҚКО» РМК бас директоры Әсемгүл Балташеваның айтуына қарағанда, пилоттық қызметтердің басым бөлігі толығымен автоматтандырылған және оларды ХҚКО-лардың электрондық Үкімет порталында, сондай-ақ «Connection Point» секторларында өз бетінше алуға болады. «Бұл үшін электрондық кезек талонын алу қажет емес. Онлайн қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба болса ғана жеткілікті. ЭЦҚ болмаған жағдайда ХҚКО инспекторлары клиенттерге оны жеке куәлікке не флеш-картаға жазып беруге көмектеседі».

Қазіргі уақытта көрсетілетін қызметтердің стандарттары келісу үстінде. Олар бекітілісімен пилоттық жоба аяқталып, қызметтер ХҚКО-ларда жалпы негіздерде көрсетілетін болады.

Анықтама ретінде, Бүгінгі күні Қазақстанда 212 мемлекеттік қызметті көрсететін 267 халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс жасайды. 2015 жылғы 10 айға ҚР ХҚКО-ларында 30 милионнан астам қызмет, оның ішінде 22 миллион қызмет – электрондық нысанда көрсетілді.

«ХҚКО» РМК баспасөз қызметі.

ХАБАРЛАМА

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішін өнеркәсіптік пайдалану кезінде жайластыру. СТБ-1 су тарату бекетінен №214 ұңғымаға, СТБ-2 су тарату бекетінен №222 ұңғымаға айдамалау құбырларын тарату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттамаларының мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішін өнеркәсіптік пайдалану кезінде жайластыру. СТБ-1 су тарату бекетінен №214 ұңғымаға, СТБ-2 су тарату бекетінен №222 ұңғымаға айдамалау құбырларын тарату» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №18-02/45 бұйрығымен бекітілген «Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру» қағидасының 7-тармағына сәйкес «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС 51,3574 га жерді «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді жер асты газ құбыры объектілерін пайдалану үшін тұрақты жер пайдалану құқығын табыстау жөніндегі қоғамдық тыңдау 2016 жылдың 11 қаңтары күні сағ: 15.00-де Қызылорда қаласы, Қорқыт-Ата әуе жайы, «Еңбек» бау-бақша серіктестігі №17 орналасқан «Орман мекемесінде» өтетінін хабарлаймыз.

Байланыс телефоны: 8 (7273)-30-66-44.

Ескертулер мен ұсыныстарды мына электрондық поштаға жіберіңіз: info@bsgp.kz немесе 8 (7273)-30-66-44 телефон нөмірінен ақпарат алуға болады.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Өткен жылы «Балапан» бағдарламасы аясында облыс орталығында «Бақ-Азат» балабақшасы ашылған болатын. Балабақша ұжымы келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етуде. Қазіргі таңда 50 бала тәрбиелеп отырған орталықта бүлдіршіндер үш тұғырлы тілмен қатар, хореография пәні мен шахматты үйреніп шығады. Тәрбиешілеріміз жас маман болса да, ізденімпаз, білімді педагогтар.

Жуырда балабақшада қалалық семинар өтті. Жиында ортаңғы топтың тәрбиешісі Жазира Ерланқызы ашық оқу іс-әрекетін өткізді. Педогогтарымыз біздің ашық оқу іс-әрекетімізге қатысып, балабақша меңгерушісі Ардақ Ибрагимқызына және тәрбиешілерімізге алғыстарын жеткізді. Сондай-ақ, әдістемелік бірлестіктің басшысы Қарлығаш Қарақұлова балалардың іс-әрекеттерінің еркіндігін және тәрбиешінің ашық оқу іс-әрекетіне жоғары деңгейде машықтанғанын атап өтті.

Ардақ ЖҰМАҒҰЛОВА,
балабақша меңгерушісі.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті әкімшілік-шаруашылық бөлімінің елді мекендерді көркейтуші жұмыскері Қыдырәлиев Нұрланға қызы **Нұрсұлудың** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.